



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ – ҚЫЗЫЛОРДАДА



Қызылордадағы Ұлттық құрылтай парламенттік реформаларға қатысты өзгерістер бойынша жаңғыруға жол ашады деп күтілуде.

(Жалғасы 2-бетте)

ТҮЛҒА

ӘДІЛЕТТІҢ ӘДІЛІ

Заң саласының ардагері, жетпісін толтырғалы отырған Зардақты ағамыз Әділ Жамбасбайұлы Құрықбаев іні іліпатын ағалық дархан пейілмен қабылдай білетін ақжарқын жан. Өмірлік ұстанымымыз, мақсат-мұратымыз ұқсас болғандықтан ба еріптесімізбен алғашқы танысқаннан сыйласып, жақын, тілекші жандарға айналып кеттік. Бұл күндері Әділ Жамбасбайұлымен арамды тек еріптестік сыпайы сыйлас-тық, ағалы-інілік іліпат қана емес, көп мүдделер жалғап жататынын мақтаныш тұтамын.

Мен ол кісіні рухани тұрғыдан ақылшым деп есептеймін, ес тұтамын. Маған Әділ Жамбасбайұлының елдік, мемлекеттік, ұлттық мүдделерге келгенде пікірінің өткірлігі, ой еркіндігі қатты ұнайды. Өзінің газет-журнал беттеріндегі мақалаларда жазғанындай Әділ Жамбасбайұлымен екеуімізді ортақастырып, қисынды білім алып, ізденуге тура келіпті. Мұның тілмен айтып жеткізгісіз ауыр азабын Әділ Жамбасбайұлы бір сұхбатында әдемі орайластырып, қисынды жеткізе білгендігіне қатты риза болып қалдым. Және ол мұны осы күнгі қаншама мүмкіндік бола тұра қазақ тілін үйренгісі келмейтін, құлқы да жоқ, тіпті, мен-сінбейтін еріптестерін сынай келе, бір кездерде өздерінің бұдан мүлде қиын жағдайда қалып, нағыз білім нәрімен суындар шақта алтын уақыты еріксіз орыс тілін меңгеруге кеткенін, соған

заман талабы, саясат ағымы мәжбүрлегенін ағынан жарылып ақтарылады.

Азамат боп қалыптасу кезінде мұндай мәселе өз басымыздан да өткендіктен, бұл тақырып бізге өте таныс.

«Мен ұзақ жылдар бойы сот жүйесінде судьялық қызметте істедім, – деп жазыпты Әділ Жамбасбайұлы, – Қазақ ауылынан шыққан, қазақ мектебін бітірген, орыс көрмеген біздер орыс тілін әскери борышымызды өтеп жүрген кезде үйрене бастадық. Орыстілді орта орыс тілінде сөйлеуге мәжбүрледі. Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, бес жылда бір рет те қазақ тілінде дәріс тыңдамай, таза орыс тілінде бітіріп, диплом алдық. Қазақ мектебін бітіріп келгендер бес жыл оқудың жартысын орысша үйренуге арнап, қалған уақытта білім алатын еді. Сол кезде мен орыс тілінде таза сөйлеп, жаза алатындарға қызыға да, қызғана да қарайтынмын. Маған орыстілділерге оқу оңай сияқты көрінетін. Бірақ кеудеде маздап тұрған намыс не істетпейді? Оқу, оқу және оқудың арқасында заң факультетін бітіріп, өмірге жолдама алдық...».

(Жалғасы 5-бетте)

МІНБЕР

«Ойыннан от шығар». Халқымыздың бұл даналығын Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интелект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевке жолдаған депутаттық сауалында депутат Үнзила Шапақ онлайн ойын платформаларына қатысты айтты.

ROBLOX ПЛАТФОРМАСЫН БҰҒАТТАУ – БАЛАЛАРДЫ ҚАТЕРДЕН САҚТАУ

Қазіргі таңда «Roblox» сөзін білмейтін бала жоқ. Бұл пайдаланушыларға өз ойындарын құруға, виртуалды әлемдерде қарым-қатынас жасауға және басқа ойыншылармен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік беретін халықаралық платформа.

Осы жайлы айта келіп, Шапақ ханым мына деректерді ортаға салды. 2025 жылғы ашық дереккөздерге сәйкес, Roblox платформасына кіретін күнделікті белсенді қолданушылар саны 150 миллионға жуық. Пайдаланушылардың басым бөлігін көмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдер құрайды.

Ата-аналар, педагогтар және халықаралық сарапшылар тарапынан Roblox ойынының балалар психикасына кері әсер етуі мүмкін екендігі туралы алаңдаушылық жиі көтерілуде. Атап айтқанда, виртуалды тәуелділік, агрессивті мінез-құлқ, шынайы өмірден алшақтау, сондай-ақ жас ерекшелігіне сай келмейтін контентпен бетпе-бет келу фактілері кездеседі. «Ойыннан от шығар» демекші, балалардың психологиялық дамуына мұндай факторлардың әсері ұзақ мерзімді теріс салдарға әкелуі ықтимал.

Ең қорқыныштысы, Roblox сияқты ашық онлайн-платформаларда көмелетке толмаған балаларға қатысты қылмыстық ниеті бар тұлғалардың, со-

ның ішінде педофилдер мен алаяқтардың белсенді әрекет ететіні туралы деректер бар. Олардың тактикалары қарапайым, алайда хирургиялық дәлдікпен жасалатындай. Алдымен ойындағы виртуалды чат арқылы баланың сеніміне кіріп, кейіннен Roblox-тан телеграмға көшіп, құпия кездесуге шақырады және мұның аяғы қайғылы оқиғамен аяқталуы мүмкін. Сонымен қатар алаяқтар дәл осылай баланың сеніміне кіріп, оған сыйлық беруге уәде беріп, ата-анасының картасының номерін және СМС-кодты сұрайды. Бала сеніп айтқандарын орындайды, нәтижесінде картадан ақша шешіліп алынады.

Әрине, компания «балаларға ең қауіпсіз орта жасаймыз» деп жар салудан жалығар емес. Бірақ секундына 50 мыңнан астам хабар ағылып жатқан ортаны толық бақылау мүмкін емес.

2025 жылдың 18 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі Евгений Кочетов: «Біз Roblox-ты блоктау немесе шектеу мәселесін қарастырмаймыз» деп айтқан болатын.

Roblox платформасының балалар қауіпсіздігіне, психологиялық дамуына және контенттің бақылаусыздығына байланысты бірқатар мемлекеттер қатаң шаралар қабылдауда. Атап айт-

қанда, Түркия, Катар, Ресей, Қытай, Иран, Солтүстік Корея және басқа да мемлекеттерде аталған платформа бұғатталды.

Осы тұста Хәкім Абай: «Бала тәрбиесі басты байлығың, кешіксең көретінің қайғы-мұң» деп айтқанын-

дай біз тек ел ішінде қандай да бір қайғылы жағдай орын алғаннан кейін ғана әрекет етуіміз керек пе деген сұрақ туындайды.

Осы жайлы айта келіп, Шапақ ханым Қазақстанда не себепті әлі күнге дейін аталған платформаға қатысты ұқсас шектеу немесе терең сараптамалық бағалау жүргізілмей отырғанына алаңдаушылық білдірді. Шын мәнінде Қазақстан Республикасының «Баланың құқықтары туралы» заңына сәйкес, мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар баланы оның денсаулығына, имандылық жағынан және рухани дамуына зиян келтіретін әлеуметтік ортаның, ақпараттың, насихат пен үгіттің теріс ықпалынан қорғауға міндетті. Депутаттың осы ретте талаптары орынды. Расында депутат айтқандай Қазақстан Республикасында Roblox платформасының балалар мен жасөспірімдерге тигізетін психологиялық және әлеуметтік әсеріне қатысты арнайы зерттеулер жүргізілуі қажет. Өзге елдерде Roblox платформасын бұғаттау тәжірибесін ескере отырып, Қазақстанда бұл платформаның қызметін шектеу немесе қосымша бақылау тетіктерін енгізу де кезек күттірмейді.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

3-БЕТ




Заңгерлердің жаңа буыны қандай болуы керек?

6-БЕТ



Ұшқышсыз авиацияны дамыту орталығы ашылды

8-БЕТ



Банкирдің өлімі



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ –
ҚЫЗЫЛОРДАДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы былтырғы жолдауында: «Елімізде көп ұзамай бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтергім келеді. Бірден айтайын, бұл – өте маңызды мәселе. Оны асығыс жүзеге асыруға болмайды. Бұл реформа азаматтық секторда, сарапшылар ортасында, сондай-ақ, әрине, қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет. Реформаның мән-маңызы айрықша екенін ескерсек, оны талқылауға бір жыл уақыт керек деп ойлаймын. Содан кейін, яғни, 2027 жылы жалпыұлттық референдум өткізуге болар

еді. Содан соң Конституцияға тиісті өзгеріс енгізе аламыз. Мен мемлекеттің тағдырын айқындайтын барлық мәселе халықтың келісімімен ғана шешіледі деп бұған дейін бірнеше рет айттым. Егер бір палаталы Парламент құру қажет деген ортақ шешімге келсек, ондай Парламентті тек қана партиялық тізім бойынша сайлаған жөн деп санаймын», – деді. Сыр еліндегі құрылтай осы мәселені бүге-шігесіне дейін талдап, бірегей жол ұсынады деген ойдамыз.

Әрине, Қызылордадағы Құрылтайдың негізгі мәселесі Парламенттік реформамен шектелмейтіні анық. Өйткені әрбір Ұлттық құрылтай Қа-

зақстанның даму бағыттарын айқындайтын жүйелі платформаға айналды. Атап айтқанда, Президент І құрылтайда жалпыұлттық референдумның нәтижелерін жоғары бағалап, еліміздің саяси жаңару жолына халықтың белсенді қатысуын атап өтті. Бұл құрылтай ұлттық бірлікті күшейту, дау-дамайды бейбіт түрде шешу және мемлекеттік реформаларды халықпен бірге жүзеге асыруды көздеді. Бұл кезеңде демократиялық легитимдік пен азаматтық сенімділікті бекіту мақсатында құрылған құрылтай елдің саяси реформаларын халық қолдауымен байланыстырып, қоғамдық диалог алаңына айналды.

Екінші Құрылтайда әділ азаматтық пен әлеуметтік тәртіп, жастардың денсаулығы мен тәрбиесі, тілді дамыту мәселелеріне ерекше тоқталды. Ол нашақорлық, құмар ойын, электронды темекі және жастар арасындағы қауіптер туралы нақты сөз қозғады. Онда әлеуметтік қауіпсіздік пен рухани тұрғыдан адамгершілік құндылықтарды қайта жүктеу маңызды компонент ретінде ұсынылды. Бұл ретте мемлекеттік саясат жоғары моральдық стандарттарды насихаттауға бағытталды.

Үшінші құрылтайда жаңа әлеуметтік этика мен ұлттық мәдениет құндылықтарын қорғау мәселелерін көтерді. Ол «Адал азамат» концепциясын ұсынды, бұл әділ еңбек пен азаматтық жауапкершілікті басты қағидат ретінде қарастырады. Бұл құрылтай рухани және идеологиялық жаңғыруға бағытталды, яғни ұлттық идентификацияны нығайту және қоғамдағы моральдық нормаларды күшейту маңызды болды.

Төртінші құрылтай экономикалық өсім, инфрақұрылымдық жобалар мен аймақаралық теңдікті қамтамасыз ету мәселесіне шоғырланды. Цифрланды-

ру, жасанды интеллект және адами капиталды дамыту басым бағыт ретінде айтылды. Сонымен қатар әлеуметтік саясат, әсіресе балалар, әйелдер және отбасы құқығын қорғау, білім мен педагогикалық ғылымға инвестициялар мәселелері көтерілді. Бұл кезеңде Құрылтай стратегиялық даму бағыттарын айқындауға және экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етті. Сонымен қатар әлеуметтік әділеттілік пен әлеуметтік қорғаудың жаңа формаларын енгізу көзделді.

Ал Сыр еліндегі бесінші құрылтайдың бірінші күні 4 жұмыс секция отырысынан басталды. Бұл күні құрылтай қонақтары «Азаматтық қоғам», «Мәдениет. Өнер. Руханият», «Әлеуметтік-экономикалық даму», «Білім және ғылым» секцияларына қатысып, осы салаларға қатысты өзекті мәселелерді талқылады. Құрылтай жұмысы, ондағы маңызды ұсыныстар мен ерекше ой-пікірлерді газетіміздің алдағы нөмірінде жариялайтын боламыз.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



ПІКІР. ҰСЫНЫС. ТАЛҚЫ

Әбдірашид ЖҮКЕНОВ,

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер жөніндегі алқасының бұрынғы төрағасы,
«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының зейнеткер судьялары» қоғамдық бірлестігінің тең төрағасы

КІНӘСІЗДІК ПРЕЗУМПЦИЯСЫ -
ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ НЕГІЗІ

Кінәсіздік презумпциясы тек заңдық формула ғана емес, сонымен қатар қылмыстық іс жүргізудің негізгі қағидасы болып табылады. Ол жеке тұлғаны озбырлық пен негізсіз айыптаулардан қорғауға кепілдік береді. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеудің бүкіл жүйесі дәл осы қағидаға негізделеді және тұтастай алғанда осы жүйеге сүйеніп отырып қылмыстық процесс жүзеге асырылады. Әділеттілікке, заң үстемдігіне және адамның қадір-қасиетін құрметтеуге негізделгендіктен, кінәсіздік презумпциясы іс жүргізу процесінде әлдеқайда маңызды рөл атқарады.

Кінәсіздік презумпциясының халықаралық және ұлттық деңгейде мойындалуы бекер емес. Ол Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 11-бабының 1-бөлігінде, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14-бабының 2-бөлігінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабында және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 19-бабында бекітілген. Мұндай көп деңгейлі конституциялық және халықаралық-құқықтық бекіту кінәсіздік презумпциясы түсінігінің жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесіндегі ерекше рөлін көрсетсе керек.

Кінәсіздік презумпциясының маңызы бірқатар негізгі ережелерден көрінеді. Ең алдымен, әркім заңға сәйкес кінәлі екені дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімінен расталғанға дейін кінәсіз деп танылады. Айыпталушы өзін ақтауға, түсініктеме беруге немесе кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес – бұл жауапкершілік толығымен қылмыстық қудалау органдары арқылы мемлекетке жүктелген.

Адамның кінәсіне қатысты кез келген күмән, күдік оның пайдасына түсіндірілуі тиіс. Дәл осы ереже қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу құқығының ережелерін қолданған кездегі күмәнге қолданылады. Айыптауды дәлелдеу, сондай-ақ қорғаушының дәлелдерін жоққа шығару міндеті толығымен айыптау тарапына жүктеледі.

Кінәсіздік презумпциясы болжамдарға немесе ықтимал қорытындыға сүйеніп отырып айыптау үкімінің шығарылуына тосқауыл қояды. Тек сенімді, анық және бұлтартпайтын дәлелдемелер болған жағдайда ғана соттауға рұқсат етіледі. Бұл қағиданың негізгі мақсаты – кінәсіз адамның қылмыстық жауапкершілікке тартылуына және сотталуына жол бермеу.

Осы арқылы кінәсіздік презумпциясы қылмыстық іс жүргізудегі жеке тұлғаның сенімді қорғаны болып, мем-

лекеттің демократиялық сипаты мен құқықтық жетілуінің маңызды көрсеткіші ретінде қызмет етеді. Ал оны елеулі адам құқықтары мен бостандықтарының ерескел бұзылуына ықпал етеді әрі қылмыстық іс жүргізуді репрессивті механизмге айналдырады, сондай-ақ құқықтық және демократиялық жүйенің негізін бұзады.

Өкінішке орай, Қазақстанның қылмыстық сот төрелігі жүйесінде әлі де бірқатар жүйелік мәселелер бар, оның салдары көбінесе әділеттіліктің осы негізгі қағидасының бұзылуына түрткі болады.

Ең әуелі, сотқа дейінгі тер-

Қылмыстық-процестік кодекстің 19-бабына өзгеріс енгізіп, үкім заңды күшіне енгенге дейін лауазымды тұлғалардың, адамның кінәсі тұрғалы кез келген жария мәлімдемелеріне заңды түрде тыйым салатын түзету енгізу керек. Осы талапты бұзғандарға қатысты жауапкершілікті белгілеу де маңызды. Жоғарғы Сот бұл тыйымның жария мәлімдемелерге де, адамның кінәсі тұрғалы белгілерді қамтитын процессуалдық құжаттар мен ресми хабарландыруларға да қолданылатынын түсіндіруі керек.

геу көп ретте соттан бөлек, процестің тәуелсіз және оқшауланған кезеңі ретінде қайыптанады. Осы логикаға сүйеніп отырып қылмыстық қудалау органдары соттың «шынықты анықтау» функциясын өздері иеленеді. Соның кесірінен сот процесі басталмай тұрып кейбір адамдар жария түрде қылмыскер деп жарияланып, оларды «жемқор», «пара алушы», «ұры» немесе «алаяқ» деп атау арқылы әдейі қоғамдық пікір қалыптастырылады. Ал Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасында анық дәйектелгендей адамды кінәлі немесе кінәсіз деп тану, қылмыс фактісін анықтау және жаза тағайындау тек соттың құзыретіне жатады.

Біздің еліміздегі көпшілікті алаңдататын тағы бір маңызды мәселе – айыптауға бейімділік. Бұл адамның әрекеттерін әдейі қатаң бағалаудан көрінеді. Әсіресе бұл жеке тұлғаға қарсы қылмыстық істерде жиі кез-

деседі. Мұндай істерде қажетті қорғаныс категориясы қорғаныс шегінен асып кету, денсаулыққа немесе өлімге қасақана зиян келтіру ретінде негізсіз сараланып жатады. Сондай-ақ, тәжірибеде абайсызда қылмыстық әрекет жасаған немесе кінәлі екені толық дәлелденбеген жеке тұлғаларды қасақана қылмыс жасады деп айыптаған жағдайлар да белгілі.

Сот тәжірибесінде қылмыстық заңның тікелей ережелерін бұзып, кінәсіз адамдардың қылмыстық жауапкершілікке тартылуына қатысты мысалдар аз емес. Мысал ретінде бірінші сатыдағы сотта қасақана

кісі өлтіргені үшін алты жылға бас бостандығынан айыру жазасына кесілген Х.-ның ісін келтірсек болады. Іс материалдарында куәгерлердің айғақтарында дәйектелгендей жәбірленуші Е. темірломмен қаруланған, А. атты әйелді ұрып-соғып, содан кейін Х.-ға шабуыл жасап, басынан ломмен ұрған. Қансыраған Х. мен А. үйде жасырынуға тырысқаннан кейін де, Е. ломмен басып кіріп, қарулы шабуылын жалғастырады. Өзінің өміріне шынымен қауіп төнгенде ғана Х. аңшы мылтығын қолына алып, оқ атып өзін қорғауға мәжбүр болады.

Осы істі қарағанда Жоғарғы Сот Х.-ның сотталуын заңсыз деп тауып, Қылмыстық кодекстің 32-бабы 3-бөлігінің тікелей бұзылғанын көрсетті. Ал бұл бапқа сәйкес өміріне қастандық жасалғанда немесе қарулы шабуыл жасалғанда өзін қорғау үшін зиян келтіру қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

Кінәсіз адамдарды соттау істеріндегі ең көп таралған себептің бірі қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективті жағын дұрыс анықтамаумен тығыз байланысты. Сонымен қатар, кінәнің сипаты, себебі мен мақсаты, сондай-ақ ниет пен абайсыздық арасындағы айырмашылық әрбір қылмыстық істе дәлелдеудің міндетті элементтері болып табылады. Бұл талаптарды елеулі объективті айыптауға, қате жіктеуге және сайып келгенде, заңсыз үкімдердің шығарылуына түрткі болады.

Оған мысал ретінде мына жағдайды алуға болады. А. деген азаматтың кісі өлтіру ниеті дәлелденбегеніне қарамастан, бастапқыда қасақана кісі өлтірді деген негізбен сотталған. Ал бұл азамат шын мәнінде заңға қайшы әрекет жасамаған. Ол бар болғаны мас күйінде әйелі мен балаларын ұрып-соққан К.-ның заңсыз әрекеттерін тоқтатуға тырысып, азаматты арқанмен байлап, полиция келгенше бөлек бөлмеге жатқызып қойған. Өкінішке орай мас К. арқанға қылқынып қайтыс болады. Осы ретте Жоғарғы Сот А.-ның әрекеттерін абайсызда өлімге әкеп соқтырған деп дұрыс қайта жіктеді. Сот өз үзінде А.-ның жәбірленушінің өмірін қию ниетінің болмауын орынды көрсеткен.

Азаматтарды заңсыз айыптаулар мен соттауға қатысты мұндай ұқсас мысалдардың бірқатары менің ғылыми және практикалық еңбектерімде жан-жақты сарапталған. Соның ішінде мұндай мысалдарды Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларына түсініктемелерде және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің практикалық қолданылуын зерттеуде егжей-тегжейлі талдадым.

Әсіресе «көрінеу, әдейі» терминін қолданатын қылмыстар ерекше назар аударуға тұрарлық. Осылайша, заң шығарушы әрекеттің субъективті жағын – тиісті мән-жайлардың жалғандығын, заңсыздығын немесе қылмыстың шығу тегін білуді дәлелдеу қажеттілігін айқын атап көрсетеді. Бұл, атап айтқанда, біле тұра жалған айыптауға, біле тұра жалған ақпаратқа, біле тұра заңсыз алынған мүлікке, біле тұра жалған құжат жасауға және басқа да құқық бұзушылықтарға қатысты. Осындай жағдайлардың барлығында жеке тұлғаның ниеті күмәнсіз дәлелденуі тиіс. Көрі-



неу жасалғанын дәлелдемей соттау тәжірибесі 2020 жылы жала жабуды қылмыс деп тандан алып тастауға әсер еткен себептің бірі болғаны кездейсоқ емес. Университеттегі сыбайлас жемқорлық туралы ақпаратты мемлекеттік органдарға хабарлағаны үшін жала жабу бабымен қате сотталған профессор Н.-нің ақталуы да сөзімізге нақты мысал бола алады.

Менің ойымша, «әдейі, көрінеу» термині қолданылатын қылмыстарға қатысты істерде адамның жалғандық немесе заңсыздық туралы хабардар екендігінің дәлелінің болмауы қылмыстық жауапкершілікке тартудан құтқарады.

Осы тұрғыдан алғанда жарияланған ақпараттан зиян көрдім деп санайтын жеке тұлғаларға өз құқықтарын азаматтық іс жүргізу шеңберінде қорғау анағұрлым тиімдірек екенін атап өткен жөн. Арнамыс, қадір-қасиет және іскерлік беделді қорғау туралы талап арыз беру істің нақты мән-жайларын анықтауға, таратылған ақпараттың шынайылығын бағалауға және таратушының оның жалғандығына қатысты білетінін немесе субъективті көзқарасын дәлелдеу қажеттілігінсіз бүлінген материалдық емес активтерді қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Қылмыстық қудалаудан айырмашылығы, азаматтық құқықтық механизмдер негізінде жазалау шараларына емес, бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге және залалды өтеуге бағытталған, бұл пропорцио-

налдылық қағидатына сәйкес келеді және қылмыстық қудалаудың негізсіз кеңеюіне жол бермейді. Қазақстан Республикасында кінәсіздік презумпциясын декларативті емес, нақты бекіту үшін айқын заңнамалық және практикалық шаралар қажет.

Біріншіден, Қылмыстық-процестік кодекстің 19-бабына өзгеріс енгізіп, үкім заңды күшіне енгенге дейін лауазымды тұлғалардың адамның кінәсі туралы кез келген жария мәлімдемелеріне заңды түрде тыйым салатын түзету енгізу керек. Осы талапты бұзғандарға қатысты жауапкершілікті белгілеу де маңызды. Жоғарғы Сот бұл тыйымның жария мәлімдемелерге де, адамның кінәсі туралы белгілерді қамтитын процессуалдық құжаттар мен ресми хабарландыруларға да қолданылатынын түсіндіруі керек.

Екіншіден, сот ісін жүргізуде шынайы теңдік пен бәсекелестікті қамтамасыз етіп, адвокаттардың өкілеттіктерін кеңейту және сотқа дейінгі тергеуді жеке кезең ретінде белгілеуден бас тарту қажет. Бұл сот ісін алмастыратын емес, тек сотқа дайындық кезеңі ретінде қарастырылуы керек.

Үшіншіден, тергеу судьяларына шағымдарды қарау және алдын алу шараларын санкциялау кезінде дәлелдемелердің жеткіліктілігі мен рұқсат етілуін және әрекеттің жіктелуінің дұрыстығын бағалау құқығын беру арқылы сотқа дейінгі кезеңде соттық бақылауды айтарлықтай күшейту қажет.

Токетерін айтқанда, кінәсіздік презумпциясы ұдайы және ымырасыз сақталған жағдайда ғана қылмыстық сот төрелігі қысым жасау құралы емес, адам құқықтарын қорғау және шынайы заң үстемдігін орнату құралы ретінде елге сапалы қызмет ететін болады.

МИНБЕР

ДЕПУТАТТАР ІШКІ ЖҮЙЕЛІК ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ТАЛҚЫҒА САЛДЫ

Парламент Сенатының жуырда өткен Палата отырысы елдің білім беру саясаты, сайлау заңнамасы және қоғамдық қауіпсіздікке қатысты бірқатар өзекті мәселелерді қамтыды. Сенатта Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен жиында қабылданған шешімдер Қазақстанның халықаралық беделін нығайтып қана қоймай, ішкі жүйелік проблемаларды ашық көтеруге дайын Парламенттің бар екенін көрсетті.

Отырыстың басты жаңалығы – «Жоғары білім беру саласындағы біліктілікті тану туралы Азия–Тынық мұхиты өңірлік конвенциясын» ратификациялау болды. Бұл қадам қазақстандық дипломдардың шетелде мойындалуын жеңілдетіп, студенттер мен мамандардың академиялық және кәсіби ұтқырлығын арттыруға жол ашады. Әшімбаев мырзаның айтуынша, құжат мүше мемлекеттер арасындағы серіктестікті күшейтіп, еліміздің білім беру жүйесінің беделін арттыруға ықпал етеді. Маңыздысы – Конвенция отандық жоғары оқу орындары үшін білім беру қызметтерін экспорттаудың жаңа нарықтарын ашуға мүмкіндік береді. Бұл – Қазақстанды аймақтық білім хабына айналдыру жолындағы нақты қадам.

Отырыста сонымен қатар сайлау туралы конституциялық заңға өзгерістер енгізу мәселесі бойынша бірлескен комиссияның Сенаттағы құрамы бекітілді. Бұл алдағы саяси реформалардың институционалды тұрғыдан пысықталып жатқанын аңғартады. Сонымен қатар палата мінберінен сенаторлардың Үкіметке депутаттық сауалдары жолданды. Олар – ауылдық округтер әкімдерінің өкілетті-

гі, ветеринариялық қауіпсіздік, төрелік институтты реттеу, күмәнді жарнама тарататын блогерлердің жауапкершілігі, жеке қосалқы шаруашылықтарды қолдау, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты секілді мәселелерді қамтыды. Бұл сауалдар Сенаттың тек заң қабылдайтын орган емес, елдегі нақты проблемаларды сүзгіден өткізіп, атқарушы билікке талап қоя алатын институт екенін көрсетті.

Солардың ішінде ауыл мәселесіне қатысты жасалған сауалдар айрықша өзектілігімен назар аудартады. Оның бірі сенатор Бекбол Орынбасаров жасаған ауылдық округтердің қаржы дербестігін күшейту жөніндегі сауалы. Бұл мәселе ел тұрғындарының жартысынан астамы тұрып жатқан ауылдардың жағдайын жақсартудың тиімді тетігі екені даусыз. Орынбасаров мырза өз сауалында бұл шараның маңыздылығын нақты деректермен дәйектеп жеткізді. Сенатордың айтуынша, 2018 жылы төртінші деңгейдегі бюджеттер енгізілген сәттен бастап Қазақстанда олардың табысының оң серпіні байқалып отыр. Түсімдердің жалпы көлемі 3 есеге жуық өсті, өз табыстары мен өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі артты. Десе де ауылдық округтердің бюджет-

тері жоғары тұрған бюджеттен берілетін трансферттерге тәуелді болып қала береді. Түсімнің негізгі үлесін қалыптастыру дағдысы жалғасып келе жатыр екен. Сонымен қатар бюджеттік тапшылық проблемасы да сақталып отыр.

Сенатор сонымен қатар өкілді билік мәселесінің тиімді шешілуі қажеттігін мәлімдеді. Оның айтуынша, тиісті заңда «жергілікті қоғамдастық» ұғымы бар, бірақ тұрғындарда бюджетті бақылаудың нақты тетігі жоқ. Ауыл әкімдері әлі күнге дейін мемлекеттік деректер базасына қол жеткізе алмай отыр, ал заңды тұлғалардың мүлкін қайта бағалаусыз кірістердің шынайы бейнесі көрінбейді. Сондықтан ауылдық округ әкімдері қызметіне толық функционалды талдау жүргізуді жеделдетуді, бюджеттің төртінші деңгейінің кірістерін реттеу бөлігінде және Бюджет және Салық кодекстерін қолдануға кешенді мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету қажет. Экологиялық төлемдер мен табиғи ресурс алымдарының бір бөлігін жергілікті деңгейге аудару тетігін пысықтау және «елді мекен» ұғымын, сондай-ақ елді мекендерді аз қоныстанған және перспективасыз елді мекендерге жатқызу критерийлерін және

халықтың құқықтары мен мүдделерін сақтай отырып, оларды көршілес әкімшілік бірліктермен біріктіру тәртібін заңнамалық түрде бекіту мәселесін қарастыру керек.

Ал Сұлтан Дүйсембинов өз сауалында аграрлық сектордың маңызды саласы жеке қосалқы шаруашылықтарға құқықтық қолдаудың өзектілігіне назар аударды. Сенатордың айтуынша, бүгінде ауылдық жерлерде 7,5 млнға жуық адам тұрады, олардың едәуір бөлігі үшін – жеке қосалқы шаруашылық тек өзін-өзі жұмыспен қамту түрі ғана емес, сонымен қатар тыныс-тіршілігі мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің зор мүмкіндігі. Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сәйкес, Қазақстанда 1,6 млн-нан астам жеке қосалқы шаруашылық бар, олардың үлесіне ет өндірісінің 47%-ы, сүттің 64%-ы, картоптың 43%-ы және жұмыртқаның 35%-ы тиесілі. Соған қарамастан бұл саланың әлі күнге дейін дербес және кешенді құқықтық реттеуі жоқ.

Сенатор сондай-ақ ветеринарлық және санитарлық бақылау саласындағы жүйелі мәселелерге, жеке қосалқы шаруашылықтардың өткізу тізбегіне нашар интеграциялануына және делдалдарға жоғары тәуелділігіне тоқталды. Бұл ауыл халқы табысының өсуін тежейді. Ол тұрақты қолдау тетіктері болмаған жағдайда, ауыл тұрғындарының мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығымен барған сайын бас тартып, тұтынушы рөліне ауысып жатқанын, бұл болашақта елдің азық-түлік қауіпсіздігіне кері әсерін тигізуі мүмкін екенін баса айтты.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ПӘРМЕН

ОЙЫН АЛАҢҚАЙЫН ҚАСАҚАНА БҮЛДІРГЕНДЕР АНЫҚТАЛДЫ

Бала атаулы ойынмен өсіп, ойын арқылы дамиды. Мемлекет бала болашағына үлкен қамқорлықпен қарап, көпқабатты үйлердің аулаларына заманауи алаңшалар салуда.



Алайда ол аулаларға қастандық жасап, бұзып, қиратып кететін ересектер де бар. Жуырда Кентау қаласында қалалық әкімшіліктің көпқабатты тұрғын үйінің алаңшасын жасөспірім жеткіншек қасақана аяғымен теуіп, сындырып кеткен. Аталған көпқабатты үй тұрғындары балалар ойнайтын алаңшаға балаларының қауіпсіздігі үшін камера қойғызған екен. Күдікті сол бейнебақылау арқылы анықталған.

Кентау ҚІБ бастығының қызмет жөніндегі орынбасары, полиция майоры Марат Маделханұлының айтуына қарағанда, көпқабатты үй тұрғындарына арналып салынған балалар алаңшасын 2026 жылдың 9 қаңтары күні кешкі 9 шамасында 3 жасөспірім арнайы сындырған.

Кәметел жасқа толмағандар осы теріс әрекеттері үшін полиция бөліміне заңды өкілдерімен бірге жеткізілді. Олармен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Заңды өкілдеріне қатысты ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 435-бабына сәйкес айыппұл салынды. Онымен қоса, бұзылған заттар қалпына келтірілді, – деді полиция майоры Марат Маделханұлы.

Бұзақылық жасап қоғамдық мүлікті бүлдірген жасөспірім балалардың ата-аналары көпқабатты үй тұрғындарынан кешірім сұрады.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ЗАҢГЕРЛЕРДІҢ ЖАҢА БУЫНЫ ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Құқықтық мемлекет құру кез келген өркениетті елдің стратегиялық мақсаты. Ал сол құқықтық мемлекеттің тірегі – заң үстемдігі болса, оның қозғаушы күші – кәсіби, білікті өрі жауапкершілігі жоғары заңгер мамандар. Сондықтан да бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында заңгерлік білім берудің тұжырымдамасына сай кадрлар даярлау мәселесі тек білім беру саласының ғана емес, тұтас қоғамның, мемлекеттің болашағына тікелей әсер ететін маңызды стратегиялық бағытқа айналып отыр.

Қазіргі әлемде құқықтық қатынастар күрделеніп, қоғамдық процесстердің құқықтық реттелуі жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Экономиканың жаһандануы, цифрландыру, еңбек нарығының трансформациясы, адам құқықтарының кеңеюі, халықаралық құқықтық міндеттемелердің артуы – осының барлығы заңгер мамандарға қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Бұрынғыдай тек заң нормаларын жаттап, оларды механикалық түрде қолданатын маман бүгінгі күннің сұранысына жауап бере алмайды. Қоғамға құқықтық ойлау мәдениеті қалыптасқан, талдау жасай алатын, құқықты әлеуметтік әділеттілікпен ұштастыра білетін жаңа буын заңгерлер қажет.

Құқықтық білім беру жүйесі – мемлекеттің құқықтық қауіпсіздігінің маңызды элементі. Себебі заңгер – сот төрелігін жүзеге асырушы ғана емес, сонымен қатар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғаушысы, заңдылық пен әділеттіліктің сақшысы. Сапасыз дайындалған заңгер – тек кәсіби қателікке жол беретін маман емес, ол тұтас құқықтық жүйеге қауіп төндіруі мүмкін.

жаңғырту қажеттілігіне тап болуда. Соңғы онжылдықтарда көптеген елдерде заңгерлерді даярлау сапасын арттыруға, оқытудың практикалық құрамдас бөлігін ұлғайтуға және халықаралық тәжірибені интеграциялауға бағытталған құқықтық білім саласында нәтижелі реформалар енгізілді. Қазақстан құқықтық білім сапасын жақсартуға ұмтыла отырып, осы мысалдарды өз реформалары үшін бағдар ретінде пайдалана алады.

Қазақстан Республикасындағы құқықтық білімді дамытудың 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін және елдің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік дамуын қолдауды, сондай-ақ адам құқықтарын қорғауды және құқық үстемдігін қамтамасыз ету үшін қажетті компетенцияларға ие білікті заң кадрларын даярлауды қамтамасыз етуге қабілетті білім беру жүйесін құруға бағытталған.

Қазіргі құқықтық білім берудің тұжырымдамасы бірнеше маңызды қағидаттарға сүйенеді. Біріншіден, бұл – **құзыреттілікке негізделген тәсіл**. Яғни, студент тек заң нормаларын білуімен шектелмей, оларды нақты өмірлік жағдайларда қолдана алуы тиіс. Заңды талдау, құқықтық позиция қалыптастыру, дәлелдеу, келіссөз жүргізу, құқықтық тәуекелдерді бағалау – болашақ заңгердің негізгі кәсіби құзыреттері болуы қажет.

Екіншіден, **пәнаралық интеграция**. Қазіргі заңгер – экономика, саясат, социология, цифрлық технологиялар, халықаралық қатынастар салаларынан



хабардар болуы тиіс. Мысалы, цифрлық құқық, киберқауіпсіздік, еңбек қатынастарындағы жаңа модельдер, жасанды интеллектті құқықтық реттеу сияқты бағыттар пәнаралық білімді талап етеді.

Үшіншіден, **практикаға бағытталған оқыту**. Теория мен практиканың алшақтығы – заңгерлік білім берудің басты мәселелерінің бірі. Сондықтан оқу бағдарламаларына кейс-стади, moot court, құқықтық клиника, симуляциялық сот процесстері, тәжірибелі практиктердің дәрістері кеңінен енгізілуі тиіс.

Төртіншіден, **құқықтық мәдениет пен этика**. Заңгердің кәсіби білімі оның адамгершілік ұстанымдарымен, адалдығымен, әділеттілікке деген ішкі сенімімен ұштаспаса, мұндай маман қоғамға пайда әкелмейді. Сондықтан заңгерлік білім беруде кәсіби этика, академиялық адалдық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет ерекше орын алуы қажет.

мекеме емес, ол құқықтық ой қалыптастыратын, азаматтық ұстанымды тәрбиелейтін интеллектуалдық орта. Сондықтан жоғары оқу орындары заңгерлік білім беру тұжырымдамасын формалды құжат ретінде емес, нақты іске асырылатын стратегиялық бағдар ретінде қабылдауы тиіс.

Біріншіден, оқу бағдарламаларын жаңарту қажет. Қоғамдағы құқықтық қатынастардың даму динамикасы ескеріліп, бағдарламалар еңбек нарығының нақты сұранысына сай бейімделуі керек. Ескірген пәндер мен мазмұннан арылып, өзекті құқықтық мәселелерге басымдық берілуі маңызды.

Екіншіден, оқытушылар құрамының сапасы. Заңгерлік білімнің сапасы ең алдымен оқытушының кәсіби деңгейіне байланысты. Ғылыми дәрежесімен қатар, практикалық тәжірибесі бар, заманауи оқыту әдістерін меңгерген оқытушылар ғана студентке сапалы білім бере алады.

Заңгерлік кадрлар даярлауда жоғары оқу орындарының рөлі айрықша. Университет – тек диплом беретін

Үшіншіден, академиялық еркіндік пен жауапкершілік балансы. Университеттерге оқу бағдарламаларын дербес

қалыптастыру мүмкіндігі берілуімен қатар, түлектердің сапасына деген жауапкершілік те арта түсуі тиіс.

Заңгер – тек құқық қолданушы емес, ол қоғамдағы әділеттілік өлшемінің айнасы. Қандай да бір құқықтық дау, әлеуметтік жанжал немесе адам тағдырына қатысты мәселе туындағанда, қоғам заңгердің кәсіби әрі адамгершілік шешіміне үміт артады. Сондықтан заңгер мамандарды даярлау – тек кәсіби кадр қалыптастыру емес, азаматтық жауапкершілігі жоғары тұлға тәрбиелеу.

Құқықтық нигилизм, заңға сенімсіздік, сот әділдігіне күмән сияқты құбылыстар көбінесе сапасыз құқық қолданудан туындайды. Ал оның түп-тамыры заңгерлік білім беру жүйесіндегі олқылықтарға барып тіреледі. Демек, сапалы заңгерлік білім – қоғамдағы құқықтық сенімділікті арттырудың басты құралы.

Қазіргі заман заңгерінен үздіксіз даму талап етіледі. Заңнама жиі өзгеріп отыратын, жаңа құқықтық институттар пайда болатын жағдайда заңгер өмірі бойы білім алуға дайын болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, жоғары оқу орындары студенттерге тек білім беріп қана қоймай, өздігінен үйрену дағдысын, сыни ойлау қабілетін, кәсіби икемділікті қалыптастыруы қажет.

Болашақ заңгер – өзгерістерден қорықпайтын, жаңа сын-қатерлерге бейімделе алатын, ұлттық құқықтық жүйені халықаралық стандарттармен ұштастыра білетін тұлға болуы тиіс. Мұндай мамандарды даярлау – ұзақ мерзімді, жүйелі және мақсатты жұмысты талап етеді.

Жоғары оқу орындарында заңгерлік білім берудің тұжырымдамасына сай мамандар даярлау – мемлекеттің құқықтық болашағына салынған инвестиция. Бұл – бүгінгі күннің емес, ертеңгі ұрпақтың тағдырына әсер ететін стратегиялық шешім. Сапалы заңгерлік білім – әділетті қоғамның, заң үстемдігінің, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сенімді кепілі. Сондықтан да заңгерлік білім беру жүйесін жетілдіру – уақытша науқан емес, тұрақты мемлекеттік және қоғамдық міндет. Университеттер, мемлекет, кәсіби қауымдастық және қоғам бірлесіп әрекет еткенде ғана біз құқықтық мемлекетке лайық, кәсіби әрі жауапты заңгерлерді тәрбиелей аламыз.

Р. АБИЛШЕЕВА,
Yessenov University профессоры
АҚТАУ ҚАЛАСЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

ЕРТЕҢ ОЙЛАЙТЫН ЕЛДІҢ ҰРАНЫ – «ЕСІРТКІСІЗ БОЛАШАҚ»

Есірткімен байланысты қылмыстар халықтың өмір салтына ғана емес, етiп қоймай, қауiпсiздiктi бұзатындықтан қай қоғамда болмасын ерекше маңызға ие. Өйткенi есiрткi құралдарының, психотроптық заттардың және олардың аналогтарының заңсыз айналымы ұйымдасқан қылмыстың өсуiне, азаматтарды, оның iшiнде жастарды, қылмыстық әрекеттерге тартуға, сондай-ақ iлеспе қылмыстардың жасалуына ықпал етедi.



Сондықтан Жамбыл облысының прокуратурасы 2025 жылы есірткі құралдарының заңсыз айналымына байланысты қылмыстардың алдын алу, анықтау және жолын кесу мақсатында өңірде «Есірткісіз болашақ» профилактикалық жобасын жүзеге асырды. Соның нәтижесінде жабайы қарасора өсетін учаскелер айқындалып, жалпы көлемі 5 887 гектар аумақта 3 919 тонна есірткі құрамды өсімдіктер жойылды. Бұл олардың басқа өңірлерге таралуын едәуір қысқартуға мүмкіндік берді. Облыс прокуратурасының орынбасары Ғалымжан Даненовтың айтуынша, мақсатты іс-шаралардың нәтижесінде өңірде 2021 жылы – 62, 2022 жылы – 53, 2023 жылы – 45, 2024 жылы – 10, 2025 жылы – 1 факті тіркелген. Құқық қорғау және арнаулы органдармен бірлесіп қабылданған шаралар нәтижесінде осы санаттағы қылмыстарды анықтау былтыр 10,1 пайызға (483-тен 532-ге дейін) артты. Оның ішінде өткізу мақсатынсыз – 13,1 пайызға (291-ден 329-ға дейін), өткізу мақсатында – 2,3 пайызға (129-дан 132-ге дейін). Прокуратураның үйлестіруімен 1 фитозертхана және еліміздің басқа өңірлеріне

есірткі жеткізу арналарын қамтамасыз еткен 2 наркозертхана анықталды. «Наркозертханалардың бірі «куратор» анықталып, ол синтетикалық есірткінің 50-ден астам жасырылған орнының координаттарын хабарлады. Есірткі қылмысына қатысу бар 11 қылмыстық топтың әрекеті тоқтатылды, 2 халықаралық және 27 өңірлік есірткі жеткізу арнасы әшкереленді. Есірткілердің дәстүрлі түрін еліміздің басқа өңірлеріне жеткізумен айналысқан 2 ірі қылмыстық топтың жұмысы тоқтатылды. Бақыланатын жеткізу барысында 12 кг «мефедрон» тәркіленді. Сондай-ақ, Алматы қаласынан Тараз қаласының дәріханалары арқылы өткізу мақсатында тыйым салынған психотроптық зат – «трамадолды» жеткізумен айналысқан 5 адамнан тұратын ұйымдасқан қылмыстық топтың әрекеті әшкереленді», – дейді Ғалымжан Алшынбайұлы. Оның сөзіне қарағанда, облыс прокуратурасы әзірлеген «NarkoShekteuTaraz» телеграм-ботын пайдалану арқылы 3 865 есірткі сайты бұғатталып, 900 граффити жазбасы жойылды. Есірткі құралдарын насихаттау фактілері бойынша 46 қылмыстық іс тіркелді (ҚК-

нің 299-1-бабы). «Ақшаны қадағалау» қағидаты бойынша келтірілген залалды өтеу, қылмыстық кірістерді анықтау және оларға тыйым салу бағытында белсенді жұмыс жүргізілуде. Барлығы 9 700 наркошот анықталып, оның 4 304-і (жалпы сомасы 64,4 млн теңгеден астам) бұғатталды. Сонымен қатар, есірткілердің «дәстүрлі» түрі бойынша облыс прокуратурасының қарасора өнімдерін өнеркәсіптік мақсатта пайдалану жөніндегі ұсынысы Мәжілісте қолдау тапты.

Жамбыл облысы прокуратурасының орынбасары Ғалымжан Даненовтың айтуынша, есірткімен байланысты қылмысқа қарсы күресті күшейту мақсатында заңнамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне 440-1-бап енгізілді. Яғни есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді, сондай-ақ күшті әсер ететін заттарды медициналық емес мақсатта тұтыну. Бұл бап бойынша 20 тәулікке дейін әкімшілік қамау немесе 80 АЕК мөлшерінде айыппұл көзделген. Яғни, қазір жауаптылық тек сақтау, сату, тасымалдау, қайта өңдеу және дайындау үшін ғана емес, есірткіні тұтыну үшін де қарастырылған. Былтыр облыс бойынша осы баппен 144 тұлға жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар, Қылмыстық кодекске ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру үшін қылмыстық жауаптылық көздейтін жаңа бап енгізілді. Атап айтқанда, дропперлік – үшінші тұлғаларға банктік шотқа, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралына қолжетімділікті заңсыз ұсыну, беру және алу, сондай-ақ төлемдерді және ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру (ҚК-нің 232-1-бабы). Бұл бап мүлкін тәркілеумен бірге 8 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын көздейді. Жалпы, есірткі құралдарының заңсыз айналымына қатысу мүлкін тәркілей отырып, өмір бойына бас бостандығынан айыруға дейін қатаң қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатынын әрбір адам білуі тиіс.

Е.КЕБЕКБАЙ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

БІЛГЕН ЖӨН

ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЦИФРЛАНДЫРУДАҒЫ ЖИ

Бүгінгі таңда қылмыстық сот төрелігінің тиімділігі мен бәділдігін арттыру мәселесі әлем елдері үшін де, Қазақстан үшін де ерекше маңызға ие. Осы тұрғыдан жасанды интеллект технологияларын қолдану – құқық қорғау және сот жүйесін жаңғыртудың маңызды құралдарының бірі болып отыр.

Мемлекет басшысы өз жолдауларында цифрлық трансформация мен жасанды интеллектті мемлекеттік басқарудың негізгі бағыты ретінде атап өтті. Бүгін жасанды интеллект тек технологиялық жетістік емес, ол құқықтық жүйенің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін нақты құрал. Қазіргі кезде қылмыстық сот төрелігі жүйесі қоғамның цифрлық трансформациясы жағдайында дамып келеді. Қылмыстардың күрделенуі, цифрлық дәлелдемелер көлемінің артуы және сот пен тергеу органдары жүктемесінің өсуі жаңа технологиялық шешімдерді қажет етеді. Осы тұрғыда жасанды интеллектті қылмыстық сот төрелігі жүйесіне енгізу оның тиімділігін арттырудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. Жасанды интеллект – деректерді талдау, үйрену және шешім қабылдауға көмектесетін технологиялар жиынтығы. Қылмыстық сот төрелігі саласында ол істерді талдау, процессуалдық құжаттарды әзірлеу, сот тәжірибесін жүйелеу және қылмыстардың алдын алу бағыттарында қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, жасанды интеллектті қолдану адам құқықтарын сақтау, деректердің қауіпсіздігі және алгоритмдердің әділдігі қағидаттарымен тығыз байланыста жүзеге асырылуы тиіс. Ол сот төрелігін алмастыратын емес, оны

жетілдіретін құрал ретінде қолданылуы қажет. Жасанды интеллект – үлкен көлемдегі деректерді өңдеуге, заңдылықтарды анықтауға және шешім қабылдауды қолдауға арналған технологиялар жиынтығы. Қылмыстық сот төрелігінде ол дербес шешім қабылдаушы емес, адам қабылдайтын шешімдерді ғылыми-талдамалық тұрғыдан қолдайтын құрал ретінде қолданылуы тиіс.

Тергеу сатысында жасанды интеллект цифрлық дәлелдемелерді талдау, қылмыстық байланыстарды анықтау және тергеу нұсқаларын модельдеу мүмкіндіктерін ұсынады. Бұл тергеу әрекеттерінің жеделдігін арттырып, субъективті қателіктердің алдын алуға ықпал етеді. Сот өндірісінде жасанды интеллект сот практикасын талдау, ұқсас істерді салыстыру және сот жүктемесін оңтайландыру арқылы шешім қабылдау сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Алайда судьяның тәуелсіздігі мен ішкі сенімі негізгі қағидат ретінде сақталуы қажет. Жазаны орындау және пробация саласында жасанды интеллект сотталғандардың мінез-құлқын талдау арқылы қайта қылмыс жасау тәуекелін болжауға және жеке түзету бағдарламаларын әзірлеуге жағдай жасайды. Сонымен қатар жасанды интеллектті қолдану құқықтық және эти-



калық мәселелерді туындатады. Атап айтқанда, алгоритмдік кемсітушілік, дербес деректердің қорғалуы, алгоритм шешімдерінің ашықтығы мен жауапкершілік мәселелері ерекше назарды талап етеді. Сондықтан жасанды интеллектті қолдану қатаң құқықтық реттеу аясында жүзеге асырылуы тиіс. Қорытындылай келе, қылмыстық сот ісін жүргізуді цифрландырудағы жасанды интеллекттің рөлі оның тиімділігін арттырумен қатар, құқықтық рәсімдердің сапасын жақсартуға бағытталған. Алайда бұл технологияларды енгізу заңнамалық реттеуді жетілдірумен, халықаралық стандарттарды ескерумен және адам құқықтарын қорғау қағидаттарын қатаң сақтаумен қатар жүруі қажет. Осы талаптар орындалған жағдайда ғана жасанды интеллект қылмыстық сот төрелігінің әділдігі мен ашықтығын қамтамасыз ететін заманауи құралға айналады.

Қарлығаш УТЕБАШЕВА,
Ш.Есенов атындағы
Каспий технологиялар және
инжиниринг университетінің
аға оқытушысы
АҚТАУ ҚАЛАСЫ

ҚАДАҒАЛАУ

ЗАҢСЫЗ АҢШЫЛЫҚҚА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Глубокое аудандық соты ҚР Қылмыстық кодексінің 337-бабының 1-бөлігі (Заңсыз аңшылық) бойынша қылмыстық іс қарады.

Ауданның Я. есімді азаматы рұқсатсыз, Глубокое ауданының Уварово ауылы мен Ұлан ауданының Саратовка ауылы арасында орналасқан аралдардың бірінде жүріп, жабайы жануар – елікті атқан. Ол 12 калибрлі «ИЖ-54» маркалы мылтықтан бірнеше рет оқ атып, алғашында еліктің басынан тигізіп, екінші рет еліктің тірі екенін көргеннен кейін мерзімінен тағы атып жануарды өлтірген.

Осылайша қоғамға құқыққа қайшы әрекеттерімен 1 474 500 теңге көлемінде елеулі материалдық залал келтірді.

ҚР Жоғарғы Сотының «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» 2004 жылғы 18 маусымдағы № 1 нормативтік қаулысына сәйкес заңсыз аң аулаудың мәні – адамның еңбекке қатысуымен байланысты емес табиғи бостандық жағдайында болатын жабайы құстар мен аңдарға зиян келтіру болып саналады. Аңшылық объектісі болып табылатын жануарлардың түрлерін тиісті рұқсатсыз не арнайы тыйым салынғанына қарамастан өмір сүру ортасынан алуды не аңшылыққа құқығы жоқ немесе аңшылықты жүзеге асыру үшін заңсыз рұқсат алған адамның не белгіленген жерден тыс, тыйым салынған мерзімдерде, тыйым салынған қарулармен және әдістермен не «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593 Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі – Жануарлар дүниесін қорғау туралы заң) 38-бабының 5-тармағында



Нүргүл НҮРЛАНОВА,
Глубокое аудандық сот судьясы

белгіленген өзге де талаптарды бұза отырып, аңшылықты жүзеге асыруын заңсыз аңшылық деп есептеген жөн.

Басты сот талқылауында сотталушы қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәсін толық мойындады. Іс бойынша жиналған дәлелдемелер мен істің мән-жайларына орай, күдіктінің қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудағы кінәсі толық өз дәлелін тапты.

Сот тұрақты жұмыс орнының болуын, қылмыстық жауапкершілікке алғаш рет тартылуын, оң мінездемелерін ескере отырып, сотталушыға ҚК-нің 337-бабының 1-бөлігі бойынша мүлкін тәркілеусіз, аңшылықпен байланысты белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 1 жыл мерзімге айыра отырып, 200 АЕК айыппұл түрінде жаза тағайындады. Үкім заңды күшіне енген жоқ.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

КИЕ

БІРЕГЕЙЛІК ПЕН ТҮТАСТЫҚ ФАКТОРЫ

Қазақстанның «Тіл туралы» заңнамасы ҚР Конституциясына негізделеді.

ҚР «Тіл туралы» заңына сәйкес, Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Сондықтан Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы саналатын мемлекеттік тілді меңгеру – қазақстандық әрбір азаматтың парызы.

Процестік құжаттарды жасаған кезде олардың мазмұны мен сот ісін жүргізу тілінің лингвистикалық (тілдік) қағидаларына қойылатын талаптарға назар аудару қажет. Сот ісін жүргізу тілі туралы заңнаманың талаптарын сақтамау процестік заңды елеулі түрде бұзу және шығарылған сот актілерінің күшін жоюға әкеп соғады.

Істі соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені шешу сатысында сот ісін жүргізу тілінің бұзылуы анықталған жағдайда, сот ҚПК-нің 323-бабының талаптарына сәйкес істі бұзушылықтарды жою үшін прокурорға қайтарады.

Сот тәжірибесіне келетін болсақ, Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында қаралған қылмыстық істер бойынша мемлекеттік тілде қаралғандарының пайыздық үлесі артып келеді.

Ақтөбе облыстық соты тарапынан мемлекеттік тілді дамыту, сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілдің үлесін арттыру мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар көп.

Яғни, прокуратура, құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен жүйелі түрде кездесулер, дөңгелек үстелдер өткізіліп, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамға мемлекеттік тілдің рөлін насихаттау тұрғысында түрлі сұхбаттар беріліп, мақалалар жариялануда. Қорыта келе, қазақ тілі ол халықтың жаны, өз тілімізді құрметтеу, оған жанашырлық білдіру нәтижесінде ғана мемлекеттік тіліміздің болашағы зор болады деп білеміз.

А.А.ЛИМЖАНОВА,
Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің бас маманы

МЕДИАЦИЯ

Жаңа Қазақстанды дамытуда заңгерлердің атқаратын қызметі зор. Құқықтық, зайырлы мемлекетте әділет өлшемі мен заңдардың өзектілігін түсіндіруде заңгерлер көбіне республикалық «Заң газетіне» жүгінеді. Себебі құқықтық басылым мен заң саласы өкілдерінің қарапайым халық алдында арқалаған міндеті мен мақсаты ортақ. Қоғамның құқықтық сауатының артып, құқықтық мәдениетінің қалыптасуына ықпал ету бұлардың ұстанған бағыты.

УАҚЫТ ТАЛАБЫНАН ТУҒАН ҚАЖЕТТІЛІК

Кейінгі жылдары көп насихатталып, өзінің халық арасында тиімділігін дәлелдеуде «Медиация туралы» заңның пәрмені артты. Медиация – замана жемісі, уақыт талабы.

Қарапайым тілмен айтқанда, медиация дегеніміз – бітімгершіліктің заманауи атауы. Сондықтан тараптар арасындағы қарым-қатынастарды реттеп, заңнама талабына сәйкес жүргізудің қағидаттары мен рәсімдерін медиаторлар заңды мәртебесіне сай айқындайды. Әлбетте, негізгі ұстанымы – екі жақты ортақ мәмілеге келтіру. Жоғарыда аталған заңның да басты мақсаты осы. Кезінде билеріміз

бір ауыз сөзбен ел мен елді бітімге келтіріп, татулықты сақтаған. Білікті де білімді медиатор қай кезде де ел құрметіне ие болады.

Азаматтарға ескерте кететін бір құндылық – сот ғимаратының күту залдарында және интернет желісінде медиация туралы түсінік беретін арнайы ақпараттар бар. Онда медиацияның міндеті мен медиатордың жұмысы не екені толық қамтылған.

САЯТ БАЙМУХАНОВ,
Алакөл аудандық №2 сотында сот отырысының хатшысы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ағамыз осылайша ағынан жарылып, басына түскен ауыртпалықтың шындығын жалпақ жұртқа жайып салып отырса, өз басым орысша тіл білмегеніме өзімді кінәлі сезініп, қысылатын едім. Енді аңдап отырсақ, өз елінде, өз жерінде, өзінің ана тілінде сөйлеген, өз жырын жырлаған, өз мұнын мұндаған қазақ баласының қандай жазығы бар? Қайта өз ана тілін білетінін мақтан тұтуға, кеудені керіп, шалқак ұстауға тиіс екенбіз! Міне, Әділ Жамбасбайұлының осы сырына тұнған мақала-жанайқайынан мен осындай ақиқаттың үнін ұқтым.

Менің мерейтойлық мақаланы осыдан бастауым, бәлкім, соншалық тапқырлық болып көрінбес, бірақ, биік мұратты азаматтық жол нақ осы өзін-өзі тану, мақсатқа ұмтылу, қоғамның дамуына үлес қосу секілді қадамдардан бастау алатын секілді. Абай ағамыз «Адамның адамдығы ісінің аяқталғанынан емес, басталуынан білінеді» – деп қалай тауып айтқан десеңізші. Шынында да, Әділ Жамбасбайұлы сол оқу, ізденіс жылдарында-ақ өзінің табан ізін ажыратып, өз сұрлеу жолын қалыптастырып үлгеріпті.

Әділ Жамбасбайұлының журналистерге жиі сұхбат беретін жетекші заңгер екенін қоғам жақсы біледі, қолдаушы ортасы да аз емес. Бірақ қолдау бар да, жан ауыртар түйткілді мәселелердің орындалуы бір басқа. «Заңның алдымен қазақша жазылмауы елдімізге ме сын» деген мақаласында да Әдекең мемлекеттегі ең өзекті мәселенің бірін ортаға салады. «Тіл туралы» заң қабылданғанда тіліміздің бағы ашылды, қазақ тілі дамитын болды деп қуандық. Өкінішке орай, бұл үмітіміз, сеніміміз ақталмады. Содан бері 23 жыл өтсе де, қазақ тілі отбасы, ошақ қасы тілі болып, ауылдан шыға алмай келе жатыр. Қазақ тілі бүгінде мемлекеттік ресми басқару тіліне айналған жоқ. Мұның нақты мысалы, Қазақстанның Парламенті әлі мемлекеттік тілде заң, құқықтық құжаттар қабылдамайды, қазақ тілінде сөйлемейді. Үкімет те Парламенттен алыс кете қойған жоқ. Ол да құқықтық құжаттарын, қаулыларын, шешімдерін орысша жазып қалып, негізінен орысша тілдеседі. Ал биліктің екі тармағы осындай күй кешіп жатқанда, сот билігі қайда барсын, оның жағдайы да мез емес...» деп бүгінгі заманның шындығын шығарып жеткізеді.

Біздіңше, пікір иесі мәселені күлбілтелмей, төтеден қойып отыр. Билікке жақпай қаламыз ба деп жалтақтамай, тұрасын айту – бұрынғы дана билеріміздің сара жолы, қалдырып, ұсқап кеткен ұлағаты еді. Сол бұрынғының билерін өнеге тұтып өскен Әділ Жамбасбайұлының ісі мен сөзі қабысқан турашыл ұстанымына куә болумен, сүйсінумен келеміз. Қажет тұсында өз ортасына, әріптестеріне қатаң талапшыл, өзара сыныпшыл ашық айтылуын жақтайтын Әділ Жамбасбайұлы заң мен сот кейде орынсыз сыналып, әріптестері шарасыз қалғанда қорғай да біледі. Ағамыз құр байбалам адамы емес, әр сөзі мен ісінен сауаттылығы көрінеді, елінің заңы мен сотына деген шынайы жанашырлығы байқалады.

Мен білетін, елі таныған Әділ Жамбасбайұлының ең керемет қасиеті – туған халқына деген өлшеусіз махаббаты, шексіз сүйіспеншілігі. Оның қасиеті әрбір атқарған ісінен менмұнда дала тұрады, соның ішінде, әсіресе, оның туған тілін жанын салып қорғауына өз басым тәнтімін, басымды семін, әттен, ұғар ниет, естір құлақ болса...

Әлі есімізде, жұртымызбен бірге ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаған алғашқы жылдарда-ақ ол мемлекеттік тілді қорғап, ақпарат көздері арқылы бар дауысымен дүниеге жар салды, өзгелерден гөрі оның үні, ар-намысымен суарылып, зілдірек, ашықар естілді. Тіпті, еліміздің бас басылымы «Егемен Қазақстан» газетінде Әділ Жамбасбайұлының «Сот ісін жүргізудегі олқылықтар мемлекеттік тілдің адымын ашырмай отыр» деген мақаласы жарқ етіп жарияланғанда, жоғарыдағы біраз жауапты шенеуніктер жанын қоярға жер таппаған болуы керек, көп ұзамай, бұл бағытта біраз іс-шаралар қолға алына бастады. Бәрімізге, әсіресе, ана тіліне үлкен құрметпен қарайтын ортамызда ең қозғалғандай әсер етіп, дүр сілкініп, аруақтанып, бір серпіліп қалып едік-ау! Сол кездерден бері Әділ Жамбасбайұлының үлкен мінберлерден сөйлеген сөзі мен жарып жазбаларынан көз жазбай, өзіме өнеге тұтып келемін. Асқар таудай ағам, жай айтпайды, айтса, қопара, өзегіңді суыра, маңдайыңдан ұрғандай шегелеп айтады.

Әділ Жамбасбайұлы заң мен сот саласындағы ең бір өзекті, ең бір маңыз-



ӘДІЛЕТТІҢ ӘДІЛІ

зды деген іс шаралардың қак ортасында ғана емес, бастауында жүреді десек, ақиқаттан алшақтамаспыз. Тәжірибелі заңгер ретінде еліміздің сот реформаларының әрқашан көшін бастады. Мысалы, еліміздің сот саласында алқабилер мәселесі қолға алына бастағанда, осыған атсалысып, бастама көтергендігіне бәріміз куә болғанбыз. Түрлі конференцияларда, үлкенді-кішілі басқосуларда алқабилер сотының маңыздылығы туралы дәлелді баяндамалар жасағаны, өз көзқарасын батыл білдіргені өз алдына, түрлі баспасөздерде бұл турасында теориялық талдаулар жасаған құнды мақалалары жарық көрді.

Айталық «Алқабилер соты – демократиялық қоғамды дамытудың құқықтық институты» деген тақырыппен берілген сұхбатта Әділ Құрықбаев «...Қылмыстық процесс алқабилерді қатыстыру арқылы қылмыстық істерді қарауға қолжеткізуі Қазақстандағы сот жүйесін реформалаудың жетістігі деп санауға болады. Сот әділдігін атқаруға халық өкілдерін қатыстыру демократиялық қоғамды одан әрі дамытуға серпін береді және сот шешімінің дұрыс әрі заңды болуына ықпал етеді» деген білікті судья алқабилер институтына қатысты көпшіліктің көкейінде жүрген көптеген сауалдарға толымды жауап берген. Осындай келелі сұхбат, келісті мақалаларына көз жібергенде Әділ ағамыздың алқабилер сотын терең зерттеген, бұл тақырыпты бүге-шігесіне дейін білетін маман екенін бірден мойындайсың. Жаңа бастаманың басы-қасында жүрген Құрықбаев әр мақалада соқырға таяқ ұстатқандай етіп алқабилерге нақты анықтама берген. Бұл тек заңгерлер үшін ғана емес, еліміздің кез келген қатардағы адамы үшін де маңызды болуға тиіс. Сондықтан, бұл сипаттағы мақалалардың жалпы көпшілік үшін танымдық маңызы өте жоғары.

Кей-кейде, сот істерінің жүргізілуі барысында әлдебіреулердің заң тәртібі мен ретін білмей, аспаннан түскендей болып анырайып отыратыны аз кездеспейді. Сот ісі жүргізіліп жатқанда кім оны түсіндіріп жатуға уақыт бөлмек?! Осы тұрғыдан, біз Әділ Жамбасбайұлының заң ісінің білгірі ғана емес, заңгер-теоретик, ұстаз-тәлімгер, жетекші сарапшы ретіндегі рөлін жоғары қояр едік. Мұның бәрі, әрине, сарсылған еңбек пен ізденістен, көп жылғы тәжірибе арқылы келген, ысылған, биік деңгейдегі заңгерлік қырлары деп баға беруге толық қақымыз бар. Әріптесіміздің «Алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізу» атты тәжірибелік оқу құралы сөзіміздің дәлелі.

Әділ Жамбасбайұлы ұлтжанды азамат. Бір кездерде, ұлтжанды, ұлтшыл деген ұғымдардан бойымызды ала қашып әзірейілдей көргеніміз рас. Сөйтсек, бұл қасиет екен, егер осындай ұстанымың болса, кеуде керіп тұрып, «мен өз халқымызды, ұлтымызды жанындай сүйетін ұлтшыл патриот, ұлтжанды азаматымын!» деп мақтаншыпен айтарлықтай қақымыз бар екен! Әділ Жамбасбайұлын бұлайша кеудесін ұрғыштауға, бәлкім, жаратылысындағы сыпайыгершілігі мен мәдениеті жібермес, бірақ, ұлтына деген қылаусыз пейілі, айрықша сүйіспеншілігі оның қызмет бабындағы әрбір іс әрекетінен, сөйлеген сөзі мен жарияланымдарынан тайға таңба басқандай айқын көрінеді.

Ол заң мен сот ісіндегі билер институтын жаңғыртып, жаңа заман та-

да көшіріп алу – мұратымыз болмас, бірақ өмірбаян жолдары арқылы ой түйетінімізді, азаматты алған асулары арқылы өрелейтінімізді қалайша жоққа шығарармыз?!

Жоғарыда Әділ Жамбасбайұлымен өмір жолымызда ұқсастық көп екендігін айтып қалдым, расында да екеуіміз қызмет жолдарымызды солтүстік өңірден бастаппыз. Оған қатты мән беріп отырғаным, жасырамы жоқ, климат ауыстыру әркімге әркілі әсер етеді. Әсіресе, оңтүстіктің ыстығына бейімделген адамның Арканын, оның ішінде, солтүстіктің қақаған қаһарлы қысына, қызылшұнақ аязына бауыр баса қоюы екіталай. Бірақ, әуелгі қиындықтарға төтеп берген адамды сол ақтүтек борандар мен қарып түсер аяздар, үйренісе келгенде, шындап, шынықтырады екен. Әдекең де тап солай 1981 жылы С.Киров атындағы университеттен заңгер мамандығын алып шыққан соң, бірден солтүстік-

кең өлшемді ой түйінімен мәселенің ушықпай реттелуіне ерен үлесін қосып еді... Айта берсек, мысал көпелі.

Бұл туралы биік мәртебелі заңгерлеріміздің бірі Ақжан Ештай марқұм да «Атына сын, затына мін түсірмей» деп аталатын мақаласында тамаша сипаттап берген екен. Шіркін, жақсылардың жақсыны тануы деген бір ганибет қой, Ақжандай асыл азаматтың Әділ Жамбасбайұлының кадр-қасиетін танытып, әйгілеп сипаттап берген мақаласын сол жолы сүйсіне оқығанымыз есімізде.

Аталмыш мақаладағы автордың өз кейіпкеріне берген сипаттамасына, образдық кейіптемесіне қатты сүйсінген болатынбыз. Онда Ақжан ағамыз: «...Қазақта «сом алтыннан құйылған» деген сөз бар. Әдетте асыл заттар сом күйінде жиі кездеспейді. Сол сияқты, асыл қасиеттердің де бір адамда сом күйінде кездесуі сирек құбылыс. Әділ Құрықбаев – қазақ билерінде болуы тиіс асыл қасиеттерді сом күйінде жинаған бірегей билеріміздің бірі. Олар – адалдық пен әділдік, қарапайымдылық пен кішіпейілділік, ізденімпаздық пен ізеттілік, ізгілік пен инабаттылық, тектілік, ұлтжандылық.

Алға бастар темірқазық – алдымда

Әділ ағам – әділдікті ту еткен, Заң жүйірігі, жас бұынға үйреткен.

Таразылап заң ісі мен сот ісін, Ақылы мен санасына билеткен.

Әділ ағам – әділдікті іздеген, Мақтан тұтам, сыйластықты сізбенен.

Өнегелі жүрген жолы – өзіңден үлгі алам, Келем, аға, өзің жүрген ізбенен.

Бұл өмірге алып келген ата-ана, Қалай тауып, сізді «Әділ» деп атаған.

Пікірлесу өзіңізбен заңиет, Жүрегімде сыр қалдырмай қотарам.

Жан қалауым – ой бөлісу, сырласу, Жасағандай болам сізбен бір гасыр.

Сіздей жаным, көптің бірі демес ем, Нағыз адам – қайраткерсіз, тұлғасыз!

Сіз соғасыз ақиқаттың сойылын, Осу жолы – дәлелі ақыл-ойының.

Сіздің өмір – ел заңымен өрістеп, Айағы адал – әділ заңгер жолының.

Атыңызға затыңыз сай, жан ағам, Заң мен сотта көш бастауға жараған.

Әділ көкем әділдіктен айнымай, Адал ісі ақиқаттай тараған.

Әділ ағам әдебиетті сүйеді, Ана тілім – қасиетім деп біледі.

Түгел сөздің түп атасын таныған – Майқы биді пір тұтып, бас иеді.

Әділ көкем, ән салғанда қандай-ды, Көп тілесе, ән шырқаудан талмайды.

Лебіздері жүректерді толқытса, Әуезі әсем, көңіл шерін қозайды.

Топырағы бір Мұқағали ақынмен, Сөз салмақтар, ойын түйіп, ақылмен.

Елін сүйген, жерін сүйген жайсаңым, Адал өмір сүруге нық бекінген.

Алдан жасарық жанып тұрған шырқасыз, Жан жүдесе, нәр құятын бұлақсыз.

Жігер жанып, от беретін қуатсыз, Мейірімін төгіп тұрар шуақсыз!

Ары өза, алашының алдында, Алға бастар – темірқазық алдымда.

Екі дүниеде мен, азажан, разымын, Өзіңізді жолықтырған тағдырға!

лабына сай қолданысқа ие болуы жолында да көп еңбек етті. Және Әділ Жамбасбайұлының сөзі мен ісінде, сол ежелгі ата бабаларымыз дәстүрінен тағылым алатыны, әйгілі би-шешендеріміздің даналығын ұлағат тұтатыны, кадрлел, кастерлейтіні аңдалып, көзге ұрып тұрады. Және мінез қырларындағы кішіпейіл ізеттілік, көп тындап, аз сөйлеу, сөзге қонақ бере мәзіліс құруға тырысу, сөз сапталса, сөзді түйіп сөйлеу, пір тұтып өскендігі, ой пікірін дәмдендіре білдіруі, ықшам, жинақы лебізділігі, ой ұтқырлығы мен ұшқырлығы, сонымен бірге, елдік, ұлттық мәселелерге келгенде жарып сөйлейтін өткірлігі, батыра айтатын батылдығы, тіліп айтатын турашылдығы – барша қасиеті оның ата-бабаларымыз жолынан нәр алып, пір тұтып өскендігін, өмірі мен қызмет ұстанымдарында көдеге жарата білетінін көңіл төрімен барлап отырамыз. Бұл кадр-қасиеті оның бойынан ғана емес, ойынан да аңғарылып, биік мінберлерден салмақты естіліп жатады, баспасөз құралдары арқылы ұшқын шашып, тартып, баурап жатады:

«...Халқымыздың дәстүріне сіңген әдет-ғұрып дәрежесіндегі қылмыстық құқықтық ережелері мен қалыптасқан түсініктері бола тұра, қазіргі қолданыстағы қылмыстық заңдарымызда соларды пайдалануға батылдык жетпеуде. Кеңес дәуіріндегі немесе Ресейдегі қазіргі заңдарын көшірумен келеміз. Әсіресе, сол Ата Заңдарымыздағы мүлікке қарсы қылмыстарда қолданылатын жазаларды, солардың ішінде күн төлеуге байланысты жазаларды қазіргі уақытта неге кеңінен қолданбақса?» дейді білікті судья «Заң газетінің» 2015 жалғы 20 наурыздағы нөмірінде.

Бұл да біздіңше, өте өткір айтылған салмақты пікір-ұсынысы. Әрине, мәселенің айтылуы, жазылуы бар да, орындалуы бір басқа. Дегенмен, қоғамға, ортаға салмақты ой тастау маңызды. Біз білетін Әділ Жамбасбайұлы бастамашыл, толып жатқан идеялармен өмір кешіп келе жатқан нағыз болашақтың адамы, ескі мен жаңаның арасындағы алтын көпір іспетті ізгі мұратты, биік мүдделі заңгер.

Жасырамы жоқ, жеке бір адамға сараптама жасап, баға бергенде, ең алдымен, өмірбаян жолдарын бір сүзін шығатынымыз анық. Қаз-қалпын-

ке жол тартыпты. Қостанай өңіріне келіп, осындағы қалалық, облыстық сотта табан аудармай он жылдай қызмет атқарыпты. Суық өңірге төтеп беруі өз алдына, тәжірибесіз жастығына қарамастан, жергілікті халықпен жақынбай, қоян-қолтық араласып кеткен, ал сот саласында, әріптестер ортасында да өзінің үйренуге деген құлшынысын, алғырлығын танытып, тіл табысып, етене араласқан. Әрине, бұл арада Әділ Жамбасбайұлының туып-өскен ортасынан алған үлгі-өнегесі, қарапайым, кішіпейіл мінезі осыған ықпал еткенге ұқсайды. «Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын қайдан болсын табылады», көп ұзамай қызмет ортасының да, жергілікті жұртшылықтың да ыстық ықыласына, ілтипатына ие болған. Ортасы «Әділдіктің Әділі» деп атап, құрметтепті. Соның арқасында азды-көпті тәжірибе жинақтап, биік абырой-беделмен Алматы облысы, Іле аудандық сотының төрағалығына қызметке ауысқан. Қажырлы еңбек нәтижесінде сол жылдары Іле аудандық соты үздік ұжым атанған. Көп ұзамай, Алматы қалалық сотының судьясы болып сайланады, мұнда да абыройлы атағы құлағымызға жетіп жатты. 2000 жылдан бастап ҚР Жоғарғы Сотының судьясы болып қызмет атқарды. Әділ Жамбасбайұлының осынау басып өткен баспадақтары, алған асуларында оның қажырлы қайраты мен тынымсыз ізденістері, табандылығы мен отты жігері жатқандығы сөзсіз.

Әділ Жамбасбайұлының Нарынқол өңіріндегі тумасы екенін білгенде, бірден басыма келген ой, «а, бәсе, топырағынан қасиет жұққан адам екен ғой, басқасын айтпағанда, Бердібек Сокпақбаевтай ұлы жазушы, Мұқағалидай сұрапыл ақын туған өлкеден шыққан адам қалай от ауызды, орақ тілді, суырылған сұңғыла шешен болмасын?!» – деп едім. Ойлағанымдай-ақ, ағамыз топырағына тартып туған екен. Топырағы асыл деген тіркес жай айтылмайды, елі мен жерімен жұғысты болған елдік ұстаным қандай жағдайда да азаматты биікке көтеріп тұратынын Жаңаөзен оқиғасы тұсында да аңдап қалып едім. Онда мен Маңғыстау облыстық сотының төрағасы едім де, Әдекең Жоғарғы сот судьясы болатын. Сонда ағамыз өзіне тән шешен тілімен басалқы сөз айта біліп, дипломатиялық

...Заңгерлікті қатыгездіу мамандық санайтын пікір, сирек болса да айтылып қалады. Бір қарағанда, дұрыс та сияқты. Ал сондай «қатыгездіу» мамандық иесі Әділ Жамбасбайұлының жүрегінің соншалықты жұмсақ, жаны соншалықты нәзік екенін бүгінде оны білетін, оны танитындардың бәрі мойындаған. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың жерлесі Әдекең ұлы Абайдың, ағасы Мұқағалидың, Мағжан Жұмабаев пен Төлеген Айбергеновтің өлеңдерін нақышына келтіре жатқа оқығанда тыңдап отырған адамның жан дүниесін шымырлары анық. Оның «жүрегіне терең бойласаң» поэзия әлеміне тап боласың. Ал әншілігі... Қара домбыраның құлағында ойнайтын Әдекеңнің ән айтқандағы дауысы тіпті ерекше. Бір басына жетерлік өнері бар Әділ Құрықбаевтың асқан, тасқан кезін көрген ешкім жоқ. Бірқалыпты жаны жайсаң, жүрегіңде жұмсақ күй кешіп жатыр...» – депті.

Осыншалық нәзік иірімдер арқылы Әділ Жамбасбайұлының кісілік бейнесін ашқан Ақжан Ештай ағамыздың өзінің де азаматтық тұлғасы биік болатын. Адамдық қасиеттері деңгейлес жандар бір-біріне магнитше тартылып, өзара рухымен үндесіп жататыны анық. Ал жақсының – жақсылығын, адамдық бітім-болмысын аша білу де екінің бірінен табыла бермес. Ақжан ағамыздың әруағының разылығы үшін, Әдекең туралы ақжарма адал, шынайы ықыласты лебіздерін ризашылық сезіммен есімізге алдық, артық болмас...

Ойды ой қозғайды, жүректен шыққан сөз жүректенге қозға салады, тебіренеті, толғандырады. Біздің де Әдекеңмен жиірек араласып, рухымыз үндесіп, ниетіміз ортақ болып жүргеніне жиірма жылдай уақыт өтіпті, соны мақтан тұтамыз, қуанамыз, әлі де болса сол табысқан көңілімізбен үйлескен адал пейіліміз ұзағырақ созыла түссе екен, жағасын тапса кеудіміз.

Сөзіміздің соңында елінің ардақты перзенті Әділ Жамбасбайұлына жыр жолдарын арнай отырып, мерейлі жетпіс жасы құтты, дені сау болып, жеңгеміз Мұқараммен бірге бала-шағасының бақытына бөлене берсін демекпін.

Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының төрағасы

КӨКЖИЕК

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

ҰШҚЫШСЫЗ АВИАЦИЯНЫ ДАМУҒА ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде Ұшқышсыз авиацияны дамыту инновациялық орталығы ашылды. «Aerial Solutions» ЖШС арасындағы өзара ынтымақтастық аясында ашылған ғылыми-инновациялық орталықта отандық ұшқышсыз ұшу аппараттарының модельдерін өзіндік зертханалар мен сынақ полигонын құру, сондай-ақ дуалды білім беру және сертификаттау бағдарламаларын жүзеге асыру жоспарланып отыр.



Орталықтың ашылуына ҚазҰУ Басқарма төрағасы-ректор Жансейіт Түймебаев, «Aerial Solutions» ЖШС Авиациялық оқу орталығының бас директоры Перизат Құдайбергенова, Қорғаныс министрлігінің Ұшқышсыз ұшу жүйелерін дамыту және қолдану департаментінің басшысы Иса Теймуразұлы, Қорғаныс министрлігі Әуе қорғанысы күштері Әскери-әуе күштері қолбасшылығының бас орталығының басшысы Сәкен Рүстемов, Ұлттық қауіпсіздік академиясының кафедра меңгерушісі Артур Имашев, Қазақстан авиация әкімшілігінің Лицензиялау департаментінің директоры Әділжан Сұлтанов, белгілі ғалымдар, оқытушы-профессорлық құрам қатысты. Жиында ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев ашып, орталықтың іске қосылуы Қазақстанның технологиялық дамуы үшін ерекше маңызды бар екенін атап өтті.

Ұшқышсыз авиация экожүйесін дамытудың келешегі
– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңестің алғашқы отырысында «Біздің ұлт ретінде бәсекеге қабілеттілігіміз бен егемендігіміз осы технологияны қалай пайдаланатынымызға тікелей байланысты. Әр маман цифрлық дағдыларды жетік меңгеріп, жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін жұмыс барысында тиімді қолдана білуі қажет» деп атап өткен болатын. Сондай-ақ үш жыл ішінде елімізді толық цифрландыруға байланысты стратегиялық мақсат қойды. Осы міндетті жүзеге асыруда ғылыми қауымдастық пен бірлестіктерге зор жауапкершілік жүктелді. ҚазҰУ-да Ұшқышсыз авиацияны дамыту инновациялық орталығы ашылуы ауқымды ғылыми жобаларды іске асыруға, заманауи дрондарды жасап, құрастыруға, білікті мамандарды даярлауға және студенттердің тағылымдамадан өтуіне мүмкіндік береді. Мұнда жасалған дрондар экономиканың түрлі саласында тиімді қолданылатын болады. Бірлескен орталық өндіріс пен университет арасындағы маңызды серіктестіктің нақты нәтижесін көрсетеді. Жобаның іске асуы еліміздегі цифрлық инфрақұрылымның дамуына, азаматтық ұшқышсыз авиация саласындағы мемлекеттік стратегияны жүзеге асыруға елеулі серпін береді, – деді ректор.

«Aerial Solutions» ЖШС Авиациялық оқу орталығының бас директоры Перизат Құдайбергенова ҚазҰУ базасында ашылған Ұшқышсыз авиация-

ны дамыту инновациялық орталығы ғылымды, білім беруді және заманауи ұшқышсыз технологияларды біріктіріп, халықаралық стандарттарға сәйкес мамандар даярлауға мүмкіндік беретінін атап өтті. Айтуынша, университеттегі академиялық база сапалы тәжірибелік білімді қамтамасыз етіп, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және цифрлық мониторинг салаларының дамуына ықпал етпек. Орталық жас мамандарға ашылған жаңа мүмкіндік, еліміздегі авиациялық жобаларды әлемдік деңгейге шығаруға ықпал ететін болады. Қорғаныс министрлігінің Әуе қорғанысы күштері бас басқармасының жетекшісі Сәкен Рүстемов Ұлттық университетпен бұл саладағы ынтымақтастықтың маңыздылығына тоқталып, еліміздегі әуе қозғалысы саласының дамуына елеулі үлес қосатын инновациялық жобалардың дамуы ұшқышсыз авиация саласының жаңа деңгейге көтерілуіне оң ықпал ететіндігін атап өтті.

«Aerial Solutions» компаниясы авиациялық оқу орталығының басшысы Мәулен Мұстафаев мұнда заманауи кадрлар даярланатынын атап өтті. Айтуынша, орталық базасында азаматтық және мемлекеттік авиация саласына мамандар даярлауда қысқа курстар өтеді. Оның барысында инженерлер, құрастырушылар біліктілігін арттырып, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға қатысады. Мұнымен қоса ҚазҰУ-мен бірлесіп отырып, биыл жаңа оқу жылынан бастап жоғары білімді кадрлар даярланбақ. Бакалаврда оқитын мамандар ұшқышсыз технологияларды құрастыру, басқару бағытында білім алады. Орталықтың ашылуы әскерде борышын өтеп жүрген сарбаздар үшін үлкен мүмкіндік. Олар Отан алдындағы борышын 1 жыл өтгеннен кейін 2 жыл жаңа оқу жылынан бастап осы бағытта білім алады. Осы орайда «Сарбаз+» жобасы аясында ынтымақтастық көзделіп отыр. Инновациялық орталықта дрондар мен сервистерді ішкі және халықаралық нарыққа шығару, инновациялық стартаптарды қолдау, коммерцияландыру іске асатын болады. Бүгінде ҚазҰУ аумағында 2 мың шаршы метр аумақта дрон құрастыру өндірісі орналасқан. Аз уақытта білікті инженерлер еліміздегі дрон өндірісін қолға алып, қорғаныс саласы, ауыл шаруашылығына арналған ұшқышсыз ұшу аппараттарын құрастыратын болады.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

Өз кәсіпорны бар колледждер саны өсуде

Көкшетаудағы Құрылыс-технология колледжінде дәнекерлеу цехы, ағаш өңдеу шеберханасы мен аспаздық цех ашылды. Ол Жұмысшы мамандықтары жылы мен Техникалық және кәсіптік білімді трансформациялаудың 2025–2027 жылдарға арналған жол картасы аясында жүзеге асты. Оқу орнының директоры Ерлан Беғайдаровтың айтуынша, шағын кәсіпорындардың ашылуы практикалық бағыттағы оқытуды дамытудағы жаңа кезең. Мұнда студенттер кәсіби дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, жеке және заңды тұлғалардың тапсырыстарымен жұмыс істеу тәжірибесін жинақтайды.

Бұған дейін мұндай шағын кәсіпорындар өңірде Көкшетаудағы Жоғары технологиялық колледжде, Көпсалалы инновациялық колледжде, Зеренді ауданы Шағалалы ауылындағы Жоғары агротехникалық колледжде және Степногорск қаласының жоғары колледжінде ашылған болатын. Жалпы Ақмола облысында 27 колледж бар.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Жаңа экологиялық ереже қолданыста

Алматы мәслихаты 2025 жылдың соңында атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі жаңа ережені бекіткен еді. Соның нәтижесінде Алматы еліміздегі атмосфералық ауаны қорғауда кешенді тәсілді бірінші боп енгізген қала болып отыр.

Быттыр Алматыдағы ауаға таралған заттардың көлемі 189 мың тонна, ал қала агломерациясын қосқанда бұл цифрлар 225 мың тоннаны құраған еді. Жаңа ережеде қаланың жекелеген аудандарындағы ластану деңгейін төмендету мақсатында төмен шығарындылы аймақтарды енгізу жоспарланған. Онда газ жүргізілген жерде көмір және басқа да отын түрлерін жағуға тыйым салынады. Сондай-ақ, 2027 жылдан бастап кәсіпорындар шығарындыларын тазартуға арналған сүзгі орнатуға міндеттеліп отыр.

Е.КЕБЕКБАЙ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

Жетісуда қымыз өндіріледі

Талдықорғанда кәсіпкер балқымыз өндірісін жолға қойды. Кәсіпорын қазір күніне 600 литр өнім өндіреді. Мұнда балқымыздан бөлек, «Таң» сусыны, айран және реуртери иогурты да жасалады.



Қазіргі таңда 5 адамды жұмыспен қамтамасыз еткен кәсіпорын иесі Мадияр Түйебаев сұранысқа байланысты жұмысшылар санын көбейтіп, өндіріс көлемін күніне 3 тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндігі барын айтып отыр. Алдағы уақытта көршілес Қытай мен Өзбекстанға да өнім экспорттау жоспарлануда. Өндіріске қажетті негізгі шикізат Текелі сүт зауыты мен Талдықорған қаласынан сатып алынуда.

А.МӘУЛЕНБАЙ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

Ауызсу мен газдандыру мәселесі шешілген

Тұрғындарының 80 пайыздан астамы ауылдық жерде тұратын Алматы облысында елді мекендердің ауыз су мен газға қолжетімділігін арттыру өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы негізгі басымдық саналады. Президент тасырмасы бойынша өңірде сумен жабдықтау жобаларын жүзеге асыруға быттыр 30,5 млрд теңге бөлінді.

Соның нәтижесінде ауыл халқының таза ауыз суға қолжетімділігі 99,4 пайызға, газдандыру деңгейі 80 пайызға жетті. Болашақта шалғайда орналасқан Кеген мен Райымбек аудандарына газ құбыры тартылмақ. Қазіргі таңда өңірдің 1,2 млн-нан астам тұрғыны табиғи газға қолжеткізген. Мәселен, быттыр жыл соңында Ұйғыр ауданындағы 3 мыңнан астам тұрғыны бар Тасқарасу ауылында газ құбыры пайдалануға беріліп, алғашқы 32 отбасы газ жүйесіне қосылып үлгерді. Бұл үшін аудан орталығынан Тасқарасу ауылына 40 шақырым болатын газ құбыры тартылды.

Т.ИБАСHEBA,
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Күн электр станциясы іске қосылды

Шнелі ауданы Еңбекші ауылдық округінде қуаттылығы 40 МВт болатын Күн электр станциясы іске


қосылды. Оны «Тесис» ЖШС-і қытайлық «Хуандиан» компаниясымен бірлесіп жүзеге асырды.

Елді мекен тұрғындары сағатына 15,5 МВт электр энергиясын тұтынатынын ескерсек жаңа станция енді аудан мен облыстың электр қуатына деген қажеттілігін белгілі бір деңгейде қамтамасыз ететін болады. Бұл жобаға 11,5 млрд теңге бөлініп, 80 гектар жер телімі берілген. Енді құны 6 млрд, қуаттылығы 20 МВт болатын тағы бір Күн электр станциясы салынууда.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

«Адал азамат» - біртұтас тәрбие

Атырау облыстық Білім беру басқармасы мен Атырау қаласының Білім бөлімі №50 жалпы орта білім беретін мектепте «Адал азамат – біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Үнемді тұтыну» бағыты бойынша экологиялық тәрбие іс-шаралары ұйымдастырылды.



Басты мақсат – оқушылардың табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру, су ресурстарын үнемдеу, қоршаған ортаны таза ұстау және салауатты өмір салтын насихаттау.

Білім бөлімі өкілдерінің хабарлауынша, мұндай іс-шаралар оқушыларға жеке және қоғамдық жауапкершілікті қалыптастыруға, қоршаған ортаны қорғау бойынша практикалық дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

Атырау қаласының мектептері оқушыларды экологиялық тәрбиелеу бойынша жүйелі жұмыстарды жалғастырып, өңірде жас ұрпақты экологиялық мәдениет пен үнемді тұтыну қағидаларына баулу бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

А.САТЫБАЛДЫ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Лицейге жаңа ғимарат керек

Аймақ басшысы Берік Уәли Семей қаласын аралау барысында облыстық дарынды балаларға арналған «Білім-Инновация» лицейінің тыныс-тіршілігімен танысты. Өңірдің жетекші білім беру ұйымдарының бірі саналатын мекеменің оқу үдерісін, материалдық-техникалық базасын көріп, өзекті мәселелеріне назар аударды.

Лицей орналасқан ғимарат 1984 жылы балабақша ретінде салынған, білім ордасы 1994 жылы құрылған. Қазіргі таңда мұнда 222 оқушы білім алып жатыр, 31 мұғалім еңбек етеді.

Ерекше атап өтерлігі, лицей 2011 жылдан бері облыстың үздік олимпиадалық командасы мәртебесін сақтап келеді. Бұл – білім беру қызметінің жоғары деңгейде, жүйелі әрі нәтижелі ұйымдастырылып отырғанының айқын дәлелі.

Мектеп интернат режимінде жұмыс істейді. Мұнда оқушылардың жан-жақты дамуына, зияткерлік әлеуетін арттыруына барлық қажетті жағдай жасалған.

Білім ордасында бірқатар өзекті мәселелер де бар екен. Мектеп директоры Серік Айдарбеков облыс әкіміне оқу орнының материалдық-техникалық базасының ескіргенін, оқу кабинеттерінің тарлығын айтып, жаңа ғимарат салудың қажеттігін жеткізді.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
АБАЙ ОБЛЫСЫ

Әкім тұрғындарды қабылдады

Жақында Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков тұрғындарды жеке қабылдады. Бұл жолы өңір басшысына бес азамат жазылып, өзекті мәселелерін жеткізді.

Қабылдау барысында тұрғындар жер телімін жекешелендіру, өнер және білім саласына қатысты түйткілдер, «Көші-қон» бағдарламасы аясында тұрғын үймен қамту, сондай-ақ кәріз желісі, жол инфрақұрылымы мен ыстық судың сапасына байланысты мәселелерді көтерді.

Өңір басшысы әрбір өтінішті мұқият тыңдап, көтерілген мәселелер бойынша қала және аудан әкімдеріне, сондай-ақ жауапты басқармаларға нақты тапсырмалар жүктеді.

Айта кетейік, Ұлытау облысы әкімінің жеке қабылдауына жазылу +7 (7102) 60-02-96 байланыс телефоны арқылы немесе E-otinish ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Ш.КӨПРБАЙ
ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ

ЕҢБЕК НОРМАЛАРЫ

ЖАЛАҚЫ ЖЫРЫ: ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫН КІМ ҚОРҒАЙДЫ?

2025 жылы мемлекеттік еңбек инспекторларының анықтаған деректері елдегі еңбек қатынастарының ахуалы әлі де алаңдатарлық жағдайда екенін көрсетті.

Өткен бір жыл ішінде республиканың 629 кәсіпорнының 11,9 мыңнан астам жұмыскерге жалақы қарызы 3,1 млрд теңгеден асыпты. Бұл – жай ғана статистика емес, мыңдаған отбасының күнкөрісіне тікелей әсер ететін әлеуметтік мәселе екені белгілі. Мәселені күрделілігі жалақы берешегімен ғана шектелмейді. Түрлі ұйымдарда жүргізілген тексерулер 8,7 мыңнан астам еңбек құқығының бұзылу фактісін де анықтапты. Яғни, еңбек ұжымдарында жұмыс уақытының сақталмауы, демалыс күндерінің берілмеуі, еңбек қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы сынды жүйелі кемшіліктер әлі де бар.

Анықталған заңбұзушылықтар бойынша кәсіпорын басшыларына 4 245 міндетті ұйғарым беріліп, 524,3 млн

теңгеден астам айыппұл салыныпты. Бұл – мемлекеттің еңбек заңнамасын сақтатуда қатан позиция ұстанып отырғанын көрсетеді. Дегенмен, айыппұл салу мәселенің түбегейлі шешімі ме деген сұрақ туындайды. Қабылданған шаралардың нәтижесінде 11,8 мың жұмыскердің құқығы қорғалып, оларға 2,85 млрд теңге жалақы төленген. Бұл – еңбек инспекциясының нақты нәтижесі. Жалпы қабылданған шаралар арқылы 51 мың жұмыскердің еңбек құқығы қорғалды. Бұл – бір жыл ішіндегі ауқымды нәтиже. Алайда бастапқыда жалақыны уақытында төлемей, кейін мәжбүрлі түрде өтеу – адал еңбек қатынасының өлшемі емес.

2025 жылы мемлекеттік еңбек инспекторлары 6 599 тексеру жүргізіп,



8 720 заңбұзушылықты анықтаған. Оның 7 089 – еңбек қатынастары, 1 585 – еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және 46 – халықты жұмыспен қамту саласынан тіркелді. Бұл дерек еңбек қауіпсіздігі мәселесінің де өзекті екенін аңғартады.

Жалпы, жалақы берешегінің айтарлықтай бөлігі ауыл шаруашылығы саласына тиесілі екен. Сарапшылардың айтуынша, мұндағы басты мәселе – маусымдық жұмыс пен бейресми еңбек қатынастарының басымдығы. Көп жағдайда еңбек шарты қағаз жүзінде бар болғанымен, іс жүзінде сақталмайды. Тексерулер барысында агросалда жалақыны кешіктіру, еңбек шартынсыз жұмысқа тарту, жұмыс

толық қорғалмайды.

Ауыл – азық-түлік қауіпсіздігінің тірегі. Бірақ сол тіректі ұстап тұрған адам жалақысыз қалса, аграрлық өсім қалай болмақ? Ойлаудың өзі қорқынышты.

Өндірісте де осындай жағдай. Ауыттың жұмысында іркіліс болмаса да, жалақы кешіктіріледі. Саладағы 2025 жылы анықталған еңбек заңнамасының мыңдаған бұзушылығы бұл сектордағы жүйелі кемшіліктерді айқын көрсетті. Өндірістерде жалақыны кешіктірумен қатар, артық жұмыс үшін ақы төлемей және қауіпсіздік талаптарының сақталмауы жиі кездеседі. Мемлекеттік бақылау нәтижесінде мыңдаған өндіріс жұмыс-

шысының құқығы қорғалғанымен, мәселе түбегейлі шешіліп отырған жоқ. Сарапшылар мұны өндірістегі еңбек мәдениетінің әлсіздігімен байланыстырады. Жалақысы кешіккен жұмысшыдан жоғары сапа мен жауапкершілік талап ету – әділетсіз. Осы ретте Сенатор Ғалиасқар Сарыбаевтың бұл жағдай өндірістің де, экономиканың да қауіпсіздігіне әсер ететіні жайлы пікірімен келіспеске шара жоқ. Расында өндіріс – экономиканың локомотиві. Ал сол локомотивтің күшін беріп тұрған еңбек адамның құқығы қорғалмаса, өсім де тұрақсыз болмақ.

Деректер еңбек құқығының бұзылуы жекелеген кәсіпорындардың емес, жүйелі проблема екенін көрсетті. Мемлекеттік бақылау күшейгенімен, жалақы берешегі мен еңбек заңнамасының бұзылуы әлі де қайталануда. Бұл – жазалау жеткіліксіз, алдын алу тетіктері мен еңбек мәдениетін өзгерту қажет дегенді білдіреді. Еңбек адамы қорғалмайынша, экономикалық даму туралы сөз де толық болмайды.

Мемлекет бақылауды күшейтіп отыр, айыппұл да бар, тексеру де жеткілікті. Алайда жұмыс берушінің жауапкершілігі тек жазамен емес, корпоративтік мәдениетпен, адалдықпен, заңды сыйлаумен қалыптасуы тиіс.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ЖАРНАМА

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ТАРАТУ

2. «Vapost Green» ЖШС (БСН 191040000643) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Егізбаев көшесі, 13-үй, тел. +7 777 247 9192.

3. «БайкалФинансЗапад» ЖШС (БСН 220940045136) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, ШҚО, F13F8K8, Риддер қаласы, Безголовос көшесі, 9-ғимарат, тел. +7 771 548 18 09.

4. «СтройКА.com» ЖШС (БСН 180440023543) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Түріксіб ауданы, Шемякин көшесі, 258-үй, тел. 8 777 328 53 22.

5. «Аян-Карашатау» өндірістік кооперативі (БСН 221140044885) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Құмқұдық ауылы, Байтаза Бисембаев көшесі, 44-үй. Тел. 8 705 605 87 73.

6. «Квартал-9» тұрғын үй-құрылыс кооперативі (БСН 220840006378) (ҚР, 150000, СҚО, Петропавл қаласы, Маяковский көшесі, 85-үй), өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 150000, СҚО, Петропавл қаласы, Ленинград көшесі, 116, Маяковский көшесі, 85-үй. Тел. +7 707 628 99 91.

7. «Aktobe invest city» ЖШС (БСН 140640001007) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Сәнкібай Батыр даңғылы, 1-үй, 222-кеңсе, тел. 8 777 800 7332.

10. «AnsarTradeService» ЖШС (БСН 170640017633) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 23-шағын ауданы, 1-ғимарат. Тел. +7 702 786 8153.

11. «Алматинский локальный независимый профессиональный союз (профсоюз) работников газового хозяйства «БАҚЫТ» Қоғамдық бірлестігі (БСН 991240005639) (ҚР, Алматы қаласы, А05В6С4, Алмалы ауданы, Байзақов көшесі, 125-ғимарат, н.п.1) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 88-үй, 16-пәтер, тел. +7 701 799 5643.

12. «ӨРКЕН ЖОБА» ЖШС (БСН 150940012848) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жігерген ауылдық округі, Жігерген ауылы, Шыршықбаев көшесі, 26-үй.

15. «Қызылшекара» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі (БСН 210140009159) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Райымбек ауданы, Сүмбе ауылдық округі, Сүмбе ауылы, Мұсабек Өміржанов көшесі, №17, тел. 87052190454.

16. «JASYL DALA ECO» ЖШС (БСН 211140033362) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бөген ауылдық округі, Бөген ауылы, М.Әуезов көшесі, 9/1-үй, индекс 160602.

17. «АБД Маркетинг» ЖШС (БСН 251140022304) (Алматы қ., Шұғыла шағын ауданы, Көктерек көшесі, 139-үй, 233-н.п.) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарлан-

дыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қ., Шұғыла Сити, 340/4, корпус 20, офис №1, тел. +7 778 0011223.

18. «Kronos Credit» ЖШС (БСН 141140015011) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 212/1, 318 кабинет, тел. 8 727 330 03 45.

ӘРТҮРЛІ

8. «EUROAD CONSTRUCTION» ЖШС (БСН 101140002220) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 8-шағынауданы, 41/6 үй, 163-пәтер, индекс 050000.

13. «Өндірістік-технологиялық жинақтау басқармасы» акционерлік қоғамы (БСН 940540000092) жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қайта құрылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Рысқұлов даңғылы, 63-үй.

19. «Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Н.Назарбаев даңғылы, 135/56 ғимарат, жерасты автотұрағы бар қонақ үй кешенінің құрылысы» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 18 ақпанда сағат 11:00-де Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Н.Назарбаев даңғылы, 135/56 ғимарат мекенжайында өтеді. Барлық ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: +7 777 244 11 22, e-mail: akhmetkulbaev@gmail.com.

МҰРАГЕРЛІК

9. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Демегенова Набат Джаумитбаевна, 21.12.1994 жылы туылған, 2025 жылы 21 шілдеде қайтыс болған Сутбаев Бегістің артынан мұралық іс ашылуына байланысты, осы қайтыс болған адамның мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қаласы, Самал шағын ауданы, 1/2 үй, 20-көңсеге хабарласуын сұрайды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Заң факультеті ұжымы және мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасы Баймаханова Дина Мұратқызына
АНАСЫНЫҢ
мезгілсіз өмірден озуына байланысты қайғысына ортақтасып туған-туыстарына көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИРОС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Криволива Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 8772256506.

(Жалғасы. Басы алдыңғы сандарда)

– Күтушілеріңіз қайда?
– Күтуші шешем науқастанып қалды деп сұранып кеткен. Жалғызсырап отырған соң, саған қонып кет деп отырғаным ғой. Оңаша қалсам болды түрлі ойға түсем. Оңай деймісін, бетіне қарап отырған жалғыз баладан аяқ астында айырылып қалу.

Әйел көз жасына ерік берді.
– Апа, сізді түсінемін. Жыламаңызшы, жарайды кетпейін, тек жыламаңыз. Мен де Тұранды қатты сүйетінмін. Оның қыз-келіншек көрсексыздығын біле тұрып, өз сезімді тыя алмадым. Енді міне, баласын алдырып тастауға да қимай жүрмін, елдің бетіне қалай қараймын?
– Алдырғаны несі?! Мен оған баламның тегін беремін. Өзім қолыма аламын. Бала еш нәрседен таршылық көрмейді. Оңай ойдан аулақ бол!

– Ал мына тергеушілер шындықты біліп қалса, сізді де, мені де түрмеде шірететін болар.

– Біз Тұранды өлтіріп аламыз деп ойладық па? Ана салдақның көзін жою үшін жасағанбыз. Ойға алғанымыз орындалғанда, Тұранның көзі тірісінде, бізге ешкім ештеңе істей алмайтын еді. Қазір бәрі сатулы. Ол біздің абыройымызды төкпеу үшін бар ақшаны төгіп, полицияны да, тергеушіні де, бәрін-бәрін сатып алатын еді. Мен соған сендім.

Қатіраның көз алдындағы қап-қара теңбіл ұлғайып, қара сұр жүзі бұрынғыдан да сұсты көрінді, шүңірек отты көздері жылтылдап, атылайын деп тұрған улы жыланды елестетті.

– Ақша сізде де бар емес пе? Олай болса, балаңыздың өлімін неге жаптырып тастамайсыз. Бәрібір болар іс болды. Оның стюардессаға арналған удан өлгені анықталса, бізді соттап жібермей ме?!

Алдындағы камин пешінің жылтылдаған отына қарап, ойға батқан қара сұр әйел, мына қыздың өзіне ақыл үйрете бастағанын ұнатпаса да, онысын білдірмеді.

– Өліптің артын бағайық, көрерміз, онан да жүр, кешкі асымызды ішейік.

Қыз сыртқы есікке ұрлана көз тастады. Бірнеше кілт пен шынжырлап тастаған ашпалы құлыптар үмітін бірден үзді.

– Мынадай үйде тұрғандар асыл тұқымды ит ұстаушы еді. Сізде иттің үргені де естілмейді.

– Ит болған. Немістің қабаған иті. Тұран қайтыс болған соң, бір қимас досы, қалап алды.

Ас үйдегі дайын асты алдарына әкелген соң, Қатира:

– Қызым, екеуміздің де қайғымыз бір. Соны жеңілдету үшін аздап коньяк құйып жіберейін. Оның денсаулыққа пайдасы зор. Көңілді көтертіп, бойға қан жүгіртеді. Мен күнде жатарда бір жүз грамм ішем. Кәдімгідей қайғым жеңілдеп, жақсы ұйықтаймын. Бұл маған дәрігердің берген кеңесі. Сенің де жүзің боп-боз. Қаның аз шығар. Кәні, оңашада алып қоялық. Ісіміз сәтті аяқталып, аман-сау мен әже, сен ана атануың үшін, алып қоялық.

Тұла бойын қорқыныш жайлаған менеджерді соңғы сөз жібітіп жіберді. Несі бар ішпей жүрген нәрсесі емес. Банктегі қыз-келіншектер олжа түскенде, жұмыстан соң бас қосып, жиі көңіл көтереді.

– Жақсы, сіздің денсаулығыңыз үшін деп, коньяк құйылған рюмканы түбіне дейін қағып тастады. Бір түрлі түп жағы қышқыл сезілді. Қыздың ішін от жалап өткендей, тұла бойы қызынып, бірден басына барып тигендей, көз алды кілегейленіп, есі ауып, құлап бара жатты.

– Туу, мына ішмдігіңіз күшті ме, ап-а, – дей беріп, ол орындық үстінен ауып түсті. Ес-түссіз қалған қызды қолтықтап, ауыз бөлмедегі диванның үстіне жатқызған әйел оған коньяк қосқан дәрінің қалай әсер еткенін біл-



БАНКИРДІҢ ӨЛІМІ

гісі келгендей тамырын ұстады. Тамыры болар-болмас соғады. Әйел жалма-жан іске кірісті. Қыздың денесін қапшыққа салып, ана бақшаның арғы шетіндегі қара топырақтың астына көміп, үстін жауып тастау керек. «Тез, тез, адам көрмей тұрғанда, солай істеу керек. Кім біледі Мұқанның келіп қалуы да мүмкін. Мына шалажансарды көтеру оңай. Жаны шығып кетсе, қара тас болып көтергес». Ол үйдің жер төле қабатына түсіп, кенеп қапшық тауып алды. Оның ішіне қол-аяғы сыйдиган арық қызды салу қиынға түспеді. Қапшыққа салып жатып, қыздың тамырын тағы ұстап көрді. Соқпай қалғандай көрінді. Не болса да бәрі бітті. Қапшықты арқалап аулаға шыққанда, қараңғы қоюланғанмен, алғашқы жауған ақ қардан дала жап-жарық екен. Қатира жан-жағын жіті шолды. Биік етіп қоршалған аула ішінде сезікті ешнәрсе байқалмаған соң, бау-бақшаның шетіндегі қара топырақ үйілген жаққа апарды. Қапшық ауырлап кетіпті. Демек, оның жаны шықты. Енді көміп тастаса, мәйітінен құтылудың амалын таң ақтанша табар. Он қадамдай жерге көк тер боп әрең жеткен әйел анадай жерде тұрған күрекпен қара топырақты ойып қаза бастады. Мәйіт сияды дегендей шұңқыр дайын болған соң, көтеріп салды да, қапшықтан суырып алудың қажеттігі жоқ деп ойлап, тездетіп көме бастады. Топырақтың сыртын көміп, оны көлденең көз байқап қалмасын дегендей, күзден қалған ағаштардың бұтақтарымен жапты. Тұла бойының тоңазығанын сезген соң, бір көйлекпен шыққанын байқап, үйіне қарай тездете адымдады.

Менеджердің өлгеніне ешбір күмәні қалмаған Қатира енді оны сол тыңайтқыш топырақпен бірге, қала сыртына шығартудың амалын ойластырып, газеттегі хабарландыру бойынша құл-қоқыс таситын машиналарды іздей бастады. Жеке үйден қоқыс шығарушылар деген хабармен телефон соғып, жүкшілердің танертең ерте келуін, топырақты тиейтін күресі бар экскаваторды ала келсе, ақысын жақсылап төлейтіндігін шегелен айтты.

Өзі отырған орнында қалғып кетті.

Менеджердің о дүниеден оралуы

Түннің бір уағында көзін ашып алған менеджер мұп-мұздай қаптап жатқанын сезіп, шошып оян-

ды. Қол-аяғы сіресіп қатып қалғандықтан, қозғалуға мұршасы келмеді. Мұрнына сыз топырақтың иісі келді. «Қанішер, баласына берген дәріні беріп, өлді деп көміп тастаған екен ғой» деген ой басына сап етті. Жәйлап қозғалып көргенде, үстінде ауыр бірдене барын, бірақ өзінің қапшықтың ішінде жатқанын сезді. Кендір қапшық топырақты ішке жібермей, ауа келіп тұрғандықтан тұншықпаған қыз қолын соғанда, мұп-мұздай топыраққа тиді. Қапшықтың аузы жабылмаған! Есін енді-енді жиган қыз ішкі қалтасынан ызылдап жатқан ұялы телефонының үнін естіді. «Анам», деген ой оның есін тез жиғызды. Мен тірімін, енді тез арада құтылу керек. Жан дәрмен қол-аяғын жыбырлатып еді, үстіндегі топырақ ауыр да емес сияқты. Қимылдаған сайын суылдаған үні естілді. Демек, шығуға болады. Ол тағы да бар күшін салып қимылдағанда, қапшықтың ауыз жағыннан тесік пайда болды. Түн. Ол енді топырақтың астынан шығуға қорықты. Анау қанышер жауыздығына жалғыз куз ретінде көзін жойып жіберуге әрекет жасады. Қыз жатқан күйі қалтасын сипалап ұялы телефонын тапты. Үйінің нөмірін терді. Анасы ұйықтамаған екен.

– Апа, тез полцияға хабарла, мен мынадай адресіме. Мені өлтірмекші. Ауладағы қара топырақтың астындамын.

– Не! Не дейсің?

– Апа, тез, тез хабарла!

Қыз қапшықтың шетінен көрінген тесікті қайтадан қымтап жауып, тырп етпей, демін ішіне тартты.

Шешесі сасып, полицияға хабарлай алмай қалса ше деген оймен, 02-ні өзі терді. Кезекші бос болмады. Мүмкін, апам шығар деген оймен, ол бір минуттан кейін, тағы терді.

– Алло, кезекші. Мені құтқарыңдар! Есік алдындағы қара топыраққа көміп тастады. Дуалдан секіріп түсініздер. Ит жок. Адресі жазып ал.

– Жақсы. Қазір патрульде жүргендерге хабарлаймын, – деді әр жақтан.

Осы кез кәсіпкер жатқан бірдене гүрс етті. Қыз екі бүктеліп, сіресіп қалды. Аяқ дыбысы бас жағына тоқтады. Үстіндегі бұтақтардың қозғалғаны естілді. Қара терге түскен қыз, қорыққаннан қалшылдап, аттай тусалған жүрегінің дыбысын тыңдады. Іштей енді төбелесем де жан бермесің деп түйінгенмен, қорыққаннан аяқ-қолынан жан кетіп, дірілдегені сонша, тісі-тісіне тимеді. Осы

кез қалтасындағы ұялы телефоны ызылдады. Қыз қолымен баса қойды. Кетіп бара жатқан Қатира жер астынан шыққандай тосын дыбыстан шошынып, тоқтай қалды. «Ұялы телефон! Ана қыздікі! Қап, әттеген-ай, ұмытып кеткенім-ай. Бірақ енді ол ешкімге де, ешуақытта жауап бермейді. Звондап, звондап қояр». Қанша жүрек жұтқан болса да, өліктің сұп-суық денесін аударып, қалтасынан ұялы телефонын алуға дәті бармады. Тұрып-тұрып, тың тыңдады да, үйіне кірді. Қыз телефонын өшіріп тастап, сыртқа құлағын тосып, бүрісіп қалған.

«Мынау үйге кіріп кеткен соң келсе екен. Құдайым-ай, әшейінде келіп болмайтын полиция келе қалса ғой, бәрін бұлдіреді. Ол енді өзіне келетін көмектің кешігіп, Қатира үйіне кіріп, ұйықтаған соң, келгенін тіледі. Қыздың тілегі қабыл болды ма, әлде қазіргі полицияның жайбасарлығы себеп болды ма, арада аттай бір сағат өткен соң, дуалдан қарғып түсіп жатқандардың күбірлеген үндері естілді.

ӨЛІМІ

Сызды топырақтың астында әбден жаураған қызға әр секунд жылдай. Уақыт жылжымай тоқтап қалғандай.

– Қара топырақ қайда? – деп дауыстады келгендердің бірі.

– Тш, неге айқайлайсың. Тш, – деді қасындағы.

– Өне, қара топырақ. Жүр, сонда барайық.

Қыз жалма-жан қыбырлап, қапшықтың аузынан қолын шығарып, бұтақтарды жыбырлата бастады.

Топырақтың қасына келген жігіттің бірі оны байқап, шошып түсті.

– Өне, анау бұтақтың асты жыбырлайды. Тез аш!

– Ой, сұмдық-ай! Тез, тез, бейшараның жүрегі жарылып кетпегенін айтсайшы. Екі жігіт бұтақтарды лақтырып, анадай жердегі күректі алып, топырақты аудара бастады. Қапшықты көріп, ішіндегі дірілдеген қызды суырып алғандар:

– Сені бұлай еткен кім? – деп таңданды.

Қыз әлсіз үнмен:

– Кейін айтамын. Тез бұл жерден алып кетіңдер. Ананы жабыңдар, – деп, өзін көмген шұңқырды көрсетті. Екі жігіт оны топырақпен жапқан соң:

– Енді мені, алып кетіңіз. Бәрін кейін айтам, – деді дірілдеген қыз денесін игере алмай.

Ажал аузынан қалған бейшараны екі жігіт екі қолтығынан сүйемелдеп қоршалған дуалдың жанына апарып, әр жағына белгі берді. Әр жағында дайын тұрғандар қызды көтеріп алды. Машинаға отырған соң ғана, қыз шешесінің нөмірін теріп.

– Апа, мені құтқарды. Қазір келем! – деп жылап жіберді.

– Не болды? Сені неге өлтіргісі келді дегендерге, себебін тергеушіге ғана айтамын. Сіздер мені үйіме апарып тастаңыздар, – деп жалынды.

– Жақсы.

– Бұл оқиғаны құпия сақтауды өтінемін. Сіздерге көп рақмет!

– Үйіңіз қайда?

Қыз адресін айтты.

Таң алақеуімде келіп белгі берген құл-қоқыс тасушыларды қақпаны ашып қарсы алған Қатира қалың қабақты шүңірек көз машина жүргізуші мен дөңгелек жүзді жас шамасы жиырмалардың ішіндегі қағылез экскаватор жүргізушісіне ауланың түп жағындағы қара топырақты көрсетті де, екеуін жанына шақырып:

– Осы топырақтың дымын қалдырмай, тиіп алып, терең шұңқырға аударып, үстін көміп тастаңдар, сосын не көрсендер де, көргендерің тура-

лы ешкімге тіс жарып айтпайсыңдар. Міне, екеуіңе мың доллардан екі мың доллар.

Бұрын қолдарына доллар ұстап көрмегендердің көздері ұясына шыға бадыйрайып кеткені сонша, топыраққа қауіптен қарады да, қолдарын жылытып бара жатқан доллардан айырылмау үшін екеуі жүзі суық әйелге:

– Жарайды, құп болады. Сіз бізді, біз сізді көрген жоқпыз. Жүк тиейтін машинаға қара топырақты толтырып тиіп алған олар ауладан шығып қала сыртына бет алды. Іштей қобалжулы әйел ауыр жүк мойнынан түскендей болғанмен, бір түнде қара топырақты қайда жібердің деп күйеуі сұраса, не деймін деген сауалға жауап іздеп, басын қатыра бастады.

Аяқ астынан байып қалған жүк тасушылар қаланың қоқыс төгетін орнынан өтіп барып, арғы жағындағы терең орданың жанына тоқтады. КамАЗ жүргізушісі:

– Бізді осыншама жарылқайтындай бұл топырақтың ішінде не бар екен, көрсек қайтеді?

– Иә, мен де соны ойлағам. Егер адам мәйіті болса, жаңағы кемпірге қайта барып, қалтамызды қалыңда-туымызға болады. Адам өлімінің құны екі мың доллар емес қой.

– Қайдағыны айтасың. Ондай сұмдықтан сақтасын. Шынында да топырақтың арасында не бар, көрейік.

Жүргізуші машинаның үстіне шықты да, топырақты олай-былай аударып, одан кенеп қапшықтан басқа ешнәрсе таба алмады. Таң қалған ол:

– Сонда мына топырақ пен кенеп қапшық үшін екі мың долларды ұстата салды ма?

– Дұрыстап қарасаңшы? Ішінде есірткі бар шығар. Кейде есірткі таратушылар қорыққаннан осылай құл-қоқысқа лақтырып жібереді. Тағы да топырақты әрі-бері аударған жүргізуші:

– Маған сенбесең, өзің қара, ештеңе жоқ деп секіріп түсті. Экскаватор жүргізушісі топырақты әрі-бері аударып көрді де:

– Жаңағы әйелдің есі ауысқан шығар. Құр топырақты көміп не істейміз. Осы араға төгейік те, шаруамыздан қалмайық, – деп қолын бір сілтеді.

Қоқыс тасушылар бұл оқиғаның жұмбағын шеше алмай, аяқ астынан олжалы болғандарына мәз боп, жөндеріне кете берді.

Сұмдық түс көріп оянғандай болған менеджер ата-анасының жанында отырса да, өзіне-өзі келе алмауда. Ол өзін өлдіге санаған Қатираны одан арғы іс-әрекетіне ойша болжам жасады. Ол, әрине, ең бірінші анау қара топырақтан құтылуға асығады. Қандай жолмен? Ең бірінші ол құл-қоқыс тасушыларды сатып алатын болу керек.

Менеджер полицияға телефон шалып, Райстың ұялы телефонын алды. Оған тез арада құпия түрде кездесу керек екенін айтты.

– Жарайды, «Самал» кафесіне келе аласыз ба?

– Әрине, келе алам.

– Жарты сағаттан соң күтемін.

Қызының дауысын естіп, бөлмеге кірген әкесі:

– Сені ешқайда жібермеймін. Саған қастандық жасалды. Қастандық жасалып қана қойған жоқ, өлтіріп жіберуді ойлады.

– Менің тез арада тергеу бастығымен кездесіп, болған оқиғаны айтуым қажет.

– Олар сенің өлігіңді топырақтың астынан таппаған соң, тағы іздесе қайтесің? Саған қазір ешқайда шығуға болмайды.

– Тез арада тергеушімен жүздесуім керек. Бәрін айтып үлгеруім керек.

– Кездесетін жеріңе өзін апарамын, – деді әкесі шарасыздықтан.

– Жарайды.

Зияш ТЕЛЕУОВА

(Жалғасы бар)